

1. Тақырып: Әскери-спорттық патриоттық ойындар арқылы жастардың бойында патриоттық сезімді қалыптастыру.

1. Әскери-спорттық патриоттық ойындар арқылы оқушыларды, студенттерді әскери сапта жүруге пәрмендерді орындауға, әскери тәртіпке үйрету.
2. Спорт түрлерінен шеберліктерін жетілдіріп, төзімділікке, шыдамдылыққа, адамгершілікке және патриоттық сезімін оятуға тәрбиелеу.

1.1 Әскери-спорттық ойындар арқылы жасөспірімдер бойында ұлттық патриоттық сезімдерді қалыптастыру

Қазақстан Республикасын қорғау – оның әрбір азаматының парызы мен міндеті екендігін түсіндіру. Жоғары дене дайындығына және Президенттік тестті орындауға ұмтылдыру. Алғашқы әскери дайындық пәнін жақсы оқып, меңгеруге дайындау. Халқымыздың ерлік, жауынгерлік тарихын қадірлеуге тәрбиелеу. Оқушыларға үйірме жұмыстары және әскери қолдану жарыстары кең көлемде айналысуына жағдай жасау. Халқымыздың және Қарулы күштеріміздің өткен өжет ерліктерін үнемі оқытып, насихаттап есте ұстау. Отаншылдық елжандылық, ерік-жігер тәртіптілік, ерлік сезімдерін қалыптастыру. Әскери-спорттық ойындар арқылы оқушыларды әскери сапта жүруге пәрмендерді орындауға әскери тәртіпке үйрету. Әскерге шақырылуға дейінгі жасөспірімдердің дене дайындығын жетілдіру.

Адам баласының әрқайсының өз өмір жолы болатыны тәрізді, кез-келген халықтың, қоғам мен мемлекеттің өз тарихи ғұмыры бар. Ол көне тіршілік көшінде сан алуан кейіпте көрініп келе жатқан күрделі процесс әр ұрпақ өзінің бұрынғы ұрпақтың жалғасы болғанынан, өз дәуірінің шыңырауына үн қосып, өз соқпағын іздейді.

Әлем тарихында патриоттық тәрбие және әскери патриоттық туралы білім ғасырларға тамырымен терең кеткен. Әлемдегі өркениеттің дамуындағы ерекшеліктер дінмен, салт-дәстүрлермен, әртүрлі этникалық факторлармен өлшенген [1].

Тәуелсіз Қазақстан жағдайында біз патриоттық тәрбие беруді қазақ этнопедагогикасының негізінде қарастыруды тиімді деп есептейміз. Өйткені жалпы тәрбиелеу процесі тек қана батыс еуропалық және американдық үлгіні қабылдап бара жатқанға ұқсайды. Сондықтан халықтық педагогика негізінде студенттердің бойына патриоттық сезімді қалыптастыратын болсақ, Қазақстанның даму жолында өзінің сара жолы болады деп есептейміз. Қазақстан әрі батыс, әрі шығыс елі ерекше ортада тұрған көп ұлтты мемлекет.

Әрбір қоғамның даму, өрлеу сәттері болады. Бұл ретте XX ғасырдың соңғы жетпіс бес жылы түрік ғасыры болды. Түрік тарихының терең болғанымен, оның гүлденген өркениетке жеткен тұсы осы ғасыр. Оның ең бастауы, түп қазығы түрік идеясы мен түрік патриотизмінде дер едік. Егер ғасыр басында түріктер бар болғаны он екі миллионға жетер жетпес болса, бұл күнде олар алпыс төрт миллионнан асып жығылады. Мұстафа Кемал Ататүрік Түрік Республикасын жария ете салып, ұлт алдында тұрған негізгі міндеттерді ұсынды. Оның ең бастысы - дүниеге адам баласы тең болып келеді, ендеше түрік ұланы жерге қарама, еңсенді көтер нәсілің түрік екеніне мақтан деген ұстамды әр жүрекке шырақ етіп жаға білді. Түрік мемлекеті еуропаға есігін ашып қана қоймай, өзі де батыс пен шығысқа жол салды. Әскери доктринасы күшейді, НАТО-ға кірді. Енді ол басқа бір елдің қабағына қарап қана қоймай, өзге бір елдерді өз қас-қабағына қарата бастады. Ал бұл тікелей тәуелсіздік идеясын тұтатты. Сөйтіп Ататүрік: «Түрік ұланы! Бірінші міндетің: Түрік тәуелсіздігің, Түрік тәуелсіздігін мәңгі сақтау және қорғау болып табылады» - деп айтып қана қоймай, оны көз көретін жерлердің бәріне тасқа ойып жаздырды. Ұлттың рухы асқақтаған халықтың тілегі тоғысқан сәті осы еді. Мұндай елді жеңу мүмкін бе? [2].

Біздерге де ойлануға тура келетін кездер келді деп ойлаймыз. Кең байтақ жеріміз бар қазақстандықтардың асқақтап шарықтауға мүмкіншілігі мол.

Шығыс елдерінде патриоттық тәрбиеге әсіресе әскери-патриоттық тәрбиеге аса көңіл бөлген. Бұл тұрғыда жапондықтар үлгі көрсетеді. Орыс тарихшысы А.А.Строев «жапондыққа балалық шағынан мемлекеттің идеологиясы үшін әр уақытта өзін құрбандыққа шалуға дайын болуын құлағына құяды» - деп жазған. Ал қытайда әскери патриоттық білім беру мемлекеттік идеологиямен бір қатарда..

Қазіргі кезеңде Америка Құрама Штаттары өз азаматтарының патриоттық сезімдерін балалық шағынан тәрбиелейді. Құрама штаттарда мектеп қабырғасынан бастап тәуелсіздік декларация дегеніміз не? деген мен қатар Американың негізін қалаушы президенттерінің аталы сөздерін оқып үйренеді.

Азаматтарды әскери қызметке дайындап патриоттық сезімін қалыптастыру қазіргі кезде батыс еуропаның барлық елдерінде қолға алынған. Мысалға, Германия, Ұлыбритания, Франция мектептерінде және жоғары оқу орындарында офицерлерді дайындауда арнайы пән ретінде әскери кәсіптік бағытын қалыптастыруда оқытылады.

Біз өз жұмысымызда қазіргі кезеңдегі жастардың отанының әскер қатарында көрінуіне деген талпынысын арттыруын ұлттық тәрбиенің маңызынан көрсетеміз.

Патриоттық тәрбие берудің үлгісін біз өзіміздің ғылыми жұмысымызда патриот студент үлгісін жасауда көреміз.

Этнопедагогиканы зерттемей және пайдаланбай жеке адамды толыққанды тәрбиелеу мүмкін емес. Қазіргі кезде қоғам алға қойып отырған тәрбие міндеттерін шешуде этнопедагогика дәстүрлері мен тәжірибесін педагогика ғылымының әдістемелік-теориялық қағидаларымен біріктіруді көкейкесті мәселе ретінде қарастырған.

Халық педагогикасындағы жауынгерлік дәстүрлерді кешенді түрде зерттей келе біз өз еңбегімізде студенттерге патриоттық тәрбие беруде қолданамыз. Студенттерге патриоттық тәрбие берудің тарихи-педагогикалық көздері қазақ халқы батырларының ерлік істерінің тарихи деректеріне талдау жасай келе, қазақ халқының басынан өткен тарихи жағдайларға байланысты патриотизмнің дамып қалыптасуының тарихи алғы шарттарын қарастырамыз[3].

Біз өз жұмысымызда студенттерге халықтық педагогика негізінде патриоттық тәрбие беруді қарастырамыз.

Халық мұрасындағы ірі тұлғалардың тәрбиелік мәнді істерін оқу-тәрбие процесінде және сабақтан тыс іс-шараларда қолдануды қолдаймыз.

Біз ұлттық спорт ойындарында патриоттық тәрбие берудің студенттердің бойында патриоттық тәрбие қалыптастыратынын өзіміздің ғылыми еңбегімізде талқылап қарастырып тәжірибелік жұмыстарда қолданамыз.

Халықтық педагогикадағы атамекенге сүйіспеншілікті дамыта отырып біз студенттердің бойында патриоттық сезімді тәрбиелеуді ұсынамыз.

Ғылыми зерттеулерді оқып-үйреніп талдауда, педагогикалық тәлім-тәрбиеде, студенттерге патриоттық тәрбие беру ғылымының теориясын өз алдына дербес проблема ретінде анықталғанын және ол үнемі зерттеп отыруды қажет ететіндігін көруге мүмкіндік берді.

Біздің ойымызша патриотизмге негізделген тәрбие жұмысын жүргізуде жоғары оқу орындары студенттері проблемасы ерекше мәнге ие болады. Себебі студенттер болашақ маман ретінде қалыптасып, өмірлік ұстанымын айқындап, өркениетті елдер қатарына қосылуда өздерінің үлкен септігін тигізеді.

Өркендеудің құтты қасиеті іспеттес бір ұғым бар. Ол - патриотизм. әрине, мәселе көп шуылда емес, бүлкілдеген күре тамырды бойлап қуалап, санды- санаға бәтуаны-берекеге айналдыруға көмектесетін сиқырлы сезім жайлы. Ол томағы-тұйыққа емес, салмақты салиқалыққа бастайды, жансызға жан береді. Ортақ иманға айналса, алмайтын қамалы жоқ. Осының бәрін бір ғана «патриотизм» деген» ұлы ұғымға сиғызсақ, уақыттан алыс кетпес едік деп ойлаймыз. Өйткені ол өзің жаралған топырақпен өскен ортаға деген ізгі сезімді ғана білдірмейді. Аясы әлдеқайда кең ұғым. Тіршілікте төл табиғи орта ерекшеліктерін тиімді пайдалану, алғы ұрпақтар тәжірибиесі арқылы жинақталып, тарихи

зерде кілтіне айналған патриотизмді өркениет мүддесіне қолдана білу де сол тектен. Ең бастысы елдің бірлік, халықтың қасиет - қазыналарын қастерлеу мен ертеңге деген сенім сияқты сезімдерді оятатын да осы патриотизм. Оның қоғам дамуына айрықша орын алатын күдіретті рухани факторға айналуының сыры да осында жатыр.

Отан дегеніміз - халық. Халық дегеніміз - адам. Адамды сүю оған жақсылық жасау, жанашыр болу - адамгершіліктің белгісі. Ендеше отаншылдық - сонау ерте замандардан қалыптасып келе жатқан қасиетті сезім.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Біздің тағы бір аса маңызды идеологиялық міндетіміз - Қазақстандық отансүйгіштікке тәрбиелеу, әрбір азаматтың өзін - өзі айқын билеуін қалыптастыру. Шынайы отансүйгіштікті нағыз азаматтықты қалыптастыру жеке бастың өзін саяси тұрғыдан айқын сезініп, өз Отанын саналы түрде таңдауын көздейді» делінген .

Ата-бабаларымыз «Адал адам Отанын сүйеді». «Адал, ақ жүрекке Отан – анасындай». Отанға деген махабатты өлшеуге болмайды деген болатын. Осы айтылғандар халықтың асыл ойының түйіні мақал-мәтелдерден өзекті орын алған. Мәселен, жас ұрпаққа ел қадірін «Өз елің алтын бесігің», «Отан - оттан да ыстық» «Туған жерге туыңды тік», «Кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол», «Жекен жерінде көгерер, ер елінде көгерер» деген асыл сөздермен білдірген. Жастарды кіндік кесіп, кір жуған жері үшін, әлпештеп өсірген елі үшін қасық қаны қалғанша жаумен жағаласа білетін, Отанын шын сүйетін батыр етіп тәрбиелеуді көздеген халық өзінің өлең-жырларынан, аңыз әңгімелерін, мақал-мәтелдерін осы тақырыпқа арнаған. Сондықтан лиро-эпостық, батырлар жырларының басты кейіпкерлері ата-анасы, сүйген жары, туған жері, өскен елі үшін жаумен кескілесе күрес жүргізіп, ерлікпен даңқын шығарған халықтың сүйікті ұл-қыздары болып келеді «Отан үшін отқа түс, күймейсің, Арың үшін алыс, өлмейсің», «Ер жігіт ел үшін туады, ел үшін өледі», деп халық өз ұрпағын Отанын сүюге шақырады [4].

2. Тақырып: «Жас Ұлан» әскери –спорттық патриоттық клубы.

1. «Жас Ұлан» әскери – спорттық патриоттық клубының мақсаты мен міндеті және қажеттілігі мен маңызы.
2. Патриоттық тәрбие беруде оқушының саналы көзқарасын қалыптастыру.

Әскери-патриоттық клуб жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру түрлері
Тәуелсіздікті жеңіп алу жеткіліксіз, оны қорғап, нығайтып ұрпақтарға қалдыру қажет.
Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан 2030» стратегиялық бағдарламасынан.

Патриотизм- Отанға деген сүйіспеншілік, әр азаматтың бойындағы күш-қуаты мен білімін, Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау деген сөз. «Патриотизмнің маңызды элементтерінің бірі-онымен етене байланысып жатқан ұлттық рух пен ұлттық патриотизм. Ұлттық рух пен ұлттық патриотизм – бұл ұлттың ішіндегі асыл белгісі мен қасиеті, өз халқына деген сүйіспеншілігі» -деп Халық Қаһарманы Бауыржан Момышұлы патриотизмнің мәні мен мазмұнын ашып көрсетті.

Халқымыздың басты ерекшеліктерінің бірі-адам бойында ар-намысты ерте қалыптастыру, бала бойына сіңіру, сөйтіп оларды адам тіршілігінің, іс-қимылының өлшемі ретінде қарау. Ұрпаққа мұндай тәрбие беру-халықтың бүкіл өмір тіршілігінен көрінеді. Мектеп қабырғасында әскери-патриоттық тәрбие беру тек қана 10-11 кластарда жүргізілетін АӘД сабағында ғана емес, барлық класс оқушыларына сабақтан тыс өткізілетін іс-шаралар арқылы да беріледі.

Патриоттық сезімнің нысаны мен қайнар көзі Отан десек, оның мазмұны туған жер, ұлттық тіл, ұлттық дәстүр. Олар адам жүрегіне жылылық, жақындық, туысқандық сезімдерін ұялатып, ізгі істердің қайнар көзіне айналуы, патриотизмге тәрбиелеудің арқауы десек те болады. Патриотизм өзінен өзі қалыптаспайды, әр адам бала кезінен

«Қазақстан менің Отаным, мен Отанымның алдында борыштармын» деген ойларды сіңіру қажет.

Еліміздің Ата Заңы- Конституцияның 36- бабында «Қазақстан Республикасын қорғау-оның әрбір азаматының қасиетті парызы мен міндеті» деп атап көрсетілген. Отанның лайықты қорғаушысы болу күрделі жұмыс, сондықтан әрбір жасөспірім мектеп қабырғасынан бастап, өзін әскери қызметке даярлауға, Өзінің Отаны Қазақстан Республикасының және оның халқының алдындағы жауапкершілікті ұғынуы тиісті.

Әскери-патриоттық тәрбие жасөспірімдерді еліне деген сүйіспеншілікке, ұлттық армия сапында адал қызмет атқаруға, азаматтық адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіруге баулиды. Жастарды қазіргі еліміздің демократиялық ұстанымдарына баули отырып тәрбиелеу оларды жан-жақты, білімді азамат ретінде өсіру мектептің, сонымен бірге әскери жетекшілердің міндеті.

Қазақстан Республикасының Үкіметі жасөспірімдердің, елінің азаматы мен патриоты болып қалыптасуына үлкен көңіл бөліп отыр. Осы бағытта Қазақстан Республикасында «2010-2014 жылдарға арналған патриоттық тәрбие беру туралы» мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Бұл бағдарламаны жүзеге асырушы осы бағытта жұмыстанып оқушыларға Қазақстандық патриотизм идеясын таратушы мұғалімдер қауымы болып табылады.

Мұғалімдер қауымы қоғам сенген өкілдер. Олар елі мен халқына қалтқысыз қызмет етіп, Отан алдындағы борышын адал атқарып келе жатқан халықтық интеллигенция. Қазіргі кезде мектеп мұғалімдері, жасөспірімдерді саяси жағынан шындалды, бүгінгі қоғамның мұраттарына сенімі мол, саналы азаматтары етіп даярлауды өздерінің борышы санайды. Мұндай күрделі мақстаттарды іске асыруда тәлім-тәрбие жұмыстарының түрлері де әр-алуан. Бұған жастардың саяси-қоғамдық ұйымдарын, түрлі үйірмелерді, әскери-патриоттық клубтарды жатқызуға болады.

Сондықтан оқушыларға тәрбие берудің негізгі бағыттарының бірі әскери-патриоттық бағытта тәрбиелеу болып табылады. Туған жеріне, еліне, тәуелсіз мемлекетіміздің конституциясы мен заңды сайланған президентіне адал қызмет ететін болашақ Отан қорғаушы жауынгерлерді дайындау мектеп қабырғасынан басталады. Егеменді еліміз Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің кепілі оның Қарулы Күштері болса, оның тәуелсіздігін қамтамасыз ететін саяси шындалған, шыншыл әрі батыл, қайсар да қайратты және жауапкершілігі жоғары жауынгерлерді даярлау ісімен мектеп қабырғасында жұмыс жасайтын әскери-патриоттық клубтар жүзеге асырады. Егер де агрессияшыл күштер ел тыныштығына қауіп төдіргендей болса қазіргі заманға соғыс қимылдарын жүргізу де Қазақстан қарулы Күштерінің жауынгерлеріне ерекше биік талаптар қояды. Қазіргі заманғы шайқаста өз Отаны мен демократиялық идеяларға, өз халқына шексіз берілген, жоғарғы моральдық-саяси және жауынгерлік қасиеттерге ие, өз ісінің дұрыс екеніне кәміл сенімді, қару мен техниканы шебер меңгерген, тәртіпті және шыныққан жауынгер жеңіп шығады. Қазіргі уақытта, армия мен флотты заманауи жаңа қару-жарақ түрлерімен, әскери техникамен жабдықтау кезінде жас жауынгерлерді оқыту мен тәрбиелеу міндеті едәуір күрделенді. Қысқа мерзім ішінде қазіргі қаруды меңгеру, өзінің Отанының лайықты қорғаушысы болу-күрлеі міндет; сондықтан әрбір жасөспірім мектеп қабырғасынан бастап өзін әскери қызметке даярлауға, өз Отаны Қазақстан Республикасы мен оның халқы алдындағы азаматтық жауапкершілігін ұғынуға тиісті.

Қарулы Күштер қатарында қызмет студің мәртебесін арттыру, әскерге дейінгі жастардың дайындығын жоғарылату, мемлекеттік рәміздер мен нышандарға құрмет көрсету сезімдерін дарыту ісі де әскери-патриоттық клубтардың негізгі міндеті болып табылады. Әскери-патриоттық клубтардың жастарды тәрбиелеудегі жұмысы, Қазақстандық патриотизм мен интернационализм, демократиялық қоғам ісіне шексіз берілгендік, Отанға және Қарулы Күштерге деген сүйіспеншілік, әскери борышын мүлтіксіз орындауға әзірлік рухында тәрбиелеуге бағытталған.

Осы мақсатта орта мектептердегі өткізілетін АӨД пәнінің және мектепте ұйымдастырылатын әскери-патриоттық клубтардың атқаратын ролі зор. Осы бағытта Ақтөбе қаласында мектеп жанында ұйымдастырылып құрылған 8 әскери-патриоттық клубтар жұмыс жасайды.

Қазіргі таңда қаланың жалпыға бірдей білім беретін мектептерінде он (10) әскери-патриоттық бағыттағы клуб жұмыс жасайды.

№	Әскери-патриоттық клубтардың атауы	Клуб жетекшісі	Мекен-жайы,	Мәдени-көпшілік шаралар, акциялар, әскери-спорттық ойындарды өткізуі
1	«Жас Ұлан» әскери – спорттық патриоттық клубы клуб (паспорты жоқ)	Сраж Серік Аманжолұлы	№ 33 ҚОМ базасында Беркімбаев 91 көшесі	Мектепшілік «Жас ұлан» әскери саптық байқауы Қалалық «Жас ұлан» әскери-спорттық жарыстары 2007-2008-2011 жыл (1-ші орын) Облыстық «Жас жауынгер» әскери-спорттық жарысы 2007 жыл (2-ші орын), 2008 жыл (2-ші орын), 2009 жыл (4-ші орын) Республикалық «Алау» әскери-спорттық жарыстары Ақтау қаласы 2009 жыл (2-ші орын) Халықаралық әскери-патриоттық клубтар жарысы Орск қаласы 2010 жыл (2-ші орын) «Мерген сарбаз-2010» облыстық жарысы 3-ші орын, Мерген сарбаз-2012 қалалық жарысы 2-ші орын «Жас Ұлан-2011» әскери-спорттық жарысы 1-ші орын. Республикалық «Алау» әскери-спорттық жарыстары Атырау қаласы 2012 жыл (4-ші орын), Республикалық «Армия балалар жанарымен 2012 ж» атты акция аумағындағы спорттық жарыстар-кросс жарысы 2- орын, биік кермеде тартылу 1- орын, қаланың жалпыға бірдей білім беретін мектептерінң арасында өткізілген «әскерге дейінгі жасөспірімдер арасындағы спартакиада 2012 ж» жарыстары 3- орын, Республикалық «Жас қыран» әскери-спорттық жарысы 2-орын 2012 жыл.

3. Тақырып: Әскери-спорттық жарыстарды ұйымдастыру жолдары

1.«Мен әскерде қызмет етуге дайынмын», «Жас сарбаз» атты әскери-спорттық жарыстарды ұйымдастыру талаптары.

Спорттық жарыс «Мен әскерде қызмет етуге дайынмын»

Жарияланды 5-03-2013, 19:06 Категориясы: Дене шынықтыру

Тақырыбы: Спорттық жарыс «Мен әскерде қызмет етуге дайынмын.»

Мақсаты:

- Мектеп оқушылары арасында салауатты өмір салтын насихаттау.
- Дене тәрбиесі және спортпен жүйелі түрде айналысуға насихаттау.
-

Оқушылардың өздерінің дене тәрбиесімен дайындықтарының деңгейін анықтауға ықпал жасау.

- Оқушыларды оқу, еңбек, әскери қызметтерге дайындау, патриоттық сезімін оятуға тәрбиелеу.

«Мен әскерде қызмет етуге дайынмын» атты спорттық жарысқа 9, 10, 11 сыныптарынан (ұлдар) бір - бірден команда қатысады. Команда құрамы 5 адам.

Жарыстың өтетін орны және уақыты

Жарыс мектеп спорт залында өтеді.

Жарыстағы сынақтардың түрлері

Жарыстағы сынақтармен нормативтер

Жарыс негізінен 13 жаттығудан тұрады, дене тәрбиесінің дайындығының ережесіне сай өтеді. Спорттық жарыс «Мен әскерде қызмет етуге дайынмын».

1. жаттығу. Бағыт өзгертіп жүгіру. 10, 10метр.

Белгіленген екі сызықтың қашықтығы 10м. Жоғарғы стартта жүгіріп өтіп, сызыққа аяғын тигізіп, кейін бұрылып жүгіру. 10рет қайталау. 27секунд «5»; 28секунд «4»; 29секунд «3».

2. жаттығу. Биік турникте тартылу.

18рет «5»; 16рет «4»; 12рет «3».

3. жаттығу. Шапшаңдыққа арналған комплекстік жаттығулар.

Жоғарғы старттан команда бойынша 10м, жүгіріп, секіріп бұрылып алға екі рет домалап 10м, жүгіріп өту. 10секунд «5»; 10, 6секунд «4»; 11, 2секунд «3».

4. жаттығу. Брусьяда тербеле тұрып, қолды бүгіп, жазу. Алға қарай ұмтылғанда қолды бұғу, артқа қарай ұмтылғанда қолды жазу.

9рет «5», 6рет «4», 4рет «3».

5. жаттығу. Гир көтеру. 30рет «5». 27рет «4», 24рет «3».

6. жаттығу. Брусьяға қолын тіреп, аяғын түзу тіреп бұрыш жасау.

10секунд «5», 8секунд «4», 6секунд «3».

7. жаттығу. Комплексті күш қуатына арналған жаттығулар 1минут орындалуы керек.

Алғашқы 30секундта шалқадан денені көтеру, келесі 30секундта денені бұрып үзіліссіз қолды бүгіп жазу. Отжимание 48рет «5», 44рет «4», 40рет «3».

8. жаттығу. Ұз - н қойылған гимн. Аттан аяқты ашып секіру.(Биіктігі 115.)

9. жаттығу. Бір орында тұрып ұзындыққа секіру.

240см «5», 220см «4», 185см «3».

10. жаттығу. Айып добын бес лақтыру.

3 рет «5», 2 рет «4», 1 рет «3».

11. жаттығу. Арқан тартыс. Командалық.

12. жаттығу. Тұрмысқа арналған сайыс: ілгек қадау, картошка тазалау.

13. жаттығу. Противогаз кию.

Алған ұпайларына қарай сайыскер төмендегі ұпайға ие болады: «өте жақсы – 3 ұпай, жақсы – 2 ұпай, қанағаттанарлық – 1 ұпай.»

Жеңімпаздарды мадақтау
Жарыста 1-орынды жеңіп алған команданы көшпелі кубокпен, жеке сайыстың жеңімпаздарын дипломдармен марапаттайды.

4. Тақырып: Әскери-спорттық жарысы

«Өжет» әскери-патриоттық ойыны және жастарды патриотизмге тәрбиелеу.
Патриоттық тәрбие беруде оқушыға отансүйгіштік сезімін қалыптастыру.

«ӨЖЕТ» ОЙЫНЫНЫҢ БАТАЛЬОНДАҒЫ ЖӘНЕ ВЗВОДТАҒЫ ДАЯРЛЫҚ МАЗМҰНЫ.

Ойын мазмұны болып табылады: арнайы тапсырмалар, әскери-спорттық жарыстар, эстафеталар, десанттар, операциялар, марш-лақтырушы, жергілікке арналған тактикалық ойындар және т.с.с.

Ойынның қатысушылары жыл бойы келесі тараулар бойынша білімдерін және практикалық дағдыларын тереңдетіп, жетілдіруге міндетті:

- Отан күзетінде ҚР Қарулы күштері.
- Тактикалық даярлық. Атыс даярлығы.
- ҚР Қарулы күштер жарлықтары.
- Саптық даярлық – Әскери топография.
- Азаматтық қорғаныс және ТЖ.
- Медико – санитарлық даярлық.
- Дене даярлығы.
- Әскери-қолданбалы, техникалық даярлық.

ҚР ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІ

Батальон командалық құралы, взводтардың ҚР Қ.К тарихын оқыту кезінде консультанттар кеңесі ойын қатысушылары төмендегілерге ұмтылатындай етіп бағыттауы қажет.

АӘД тақырыптары бойынша өз білімдерін бекіту, АӘД оқулық тақырыптарының танысу.

Бүгінгі таңдағы ҚР ҚК белгіленуімен, міндеттерімен, құрамымен таныстыруды жалғастырады.

Өз бойларында Қазақстандық патриотизм және интернационализм сезімдерін, Отанға және ҚК деген сүйіспеншілікке, әскери парызды мінсіз орындауға, жоғары тәртіптілікке және Отанды қорғау үшін жеке жауапкершілік даярлық сезімдеріне тәрбиеленеді.

Оқу жылы бойында «Өжет» бұл тарауды оқыту кезінде келесі бағыттар бойынша жүргізіледі: викторина, ерлік сабақтары, олимпиадалар және т.б.

ҚР ҚК бойынша олимпиадаларды бірнеше кезеңде өткізу ұсынылады:

1. Егеменді Қазақстанның Қарулы Күштері.
2. Жалпы белгілену күштері, олардың құрамы мен белгіленуі.
3. Ауа қорғаныс күштері.
4. Мемлекеттік шекараны күзету күштері.
5. ВВС және ВМФ
6. Батырлық – патриоттық тақырыптарға тақпақтар және өлеңдер орындау.
7. Викторина – қосымшаланады.

ТАКТИКАЛЫҚ ДАЯРЛЫҚ.

Өжетдықтарға қажет:

МСО ұйымдастыру, ұрыс әрекеттерінің негіздері, ұрыстағы солдат міндеттері бойынша білімдерін тереңдетуі;

Ұрыс басталған сәтте, қорғаныс кезінде, барлау жүргізуде солдаттардың әрекетінің орындалуындағы практикалық дағдыларды бекіту;

Карсылас ұшақтары мен тікұшақтарына автоматтан от шашу және танктермен күрес тәсілдерімен танысуды жалғастыру;

Өз бойында ерлік, өзара көмекке даярлық, жауапкершілік, ұжымшылдық, жолдастыққа даярлық сезімдеріне қойылған тапсырмаларды орындауға тәрбиелеу.

Викторина нұсқасы қосымшаланады.

АТЫС ДАЯРЛЫҒЫ.

Өжетдықтарға қажет:

Қолдан жасалған жарқыншақты бомба, АКМ материалдық бөлігі мен ұрыс қасиеттері бойынша білімдерін тереңдету.

Ату ережелері мен әрекеттерін орындау кезіндегі әрекеттердегі практикалық дағдыларды бекіту.

Ату қаруын сақтау және ұқыпты ұстау ережелерімен танысуын жалғастыру.

Өз бойында ұрыста сенімді болуға тәрбиелеу және оны шебер меңгеру қажеттілігін түсіну.

Атыс даярлығына оқыту АӘД сабақтарында, атыс үйірмелеріндегі және «Өжет» ойын бағдарламасы бойынша сабақтар жүйесінде үнемі жүргізіледі. «Снайпер» операциясы ұсынылады, ол бес кезеңде жүргізіледі.

Ату бойынша ұйымдастырылатын жарыстар мен машықтандыруға арналған орындарды даярлау.

Апта сайынғы Өжет күні барысында атыс даярлығы бойынша ретті сабақтарға Өжетдықтарды жаппай тарту.

Взводтардағы ату бойынша жеке-командалық бірінші болу жарыстарын, АКМ бөлік жұмыстарының және құрылымының білімдері бойынша конкурстар өткізу. Қорытынды кезең – толық құрамда барлық взводтардың қатысуымен батальон біріншілігіне пневматикалық қарудан ату бойынша жарыс. АКМ білімі және ату қаруының даму тарихы бойынша викторина нұсқасы – қосымшаланады.

5. Тақырып: Әскери – спорттық және спорттық құрылыстар.

1. Оқушылардың бастапқы әскери дайындығы мен дене шынықтыру дайындығының істегі оқу-материалдық базасының маңызы.

2. Оқушылардың бастапқы әскери дайындығы мен дене шынықтыруға дайындау бойынша оқу орындарының оқу-материалдық базасының қалыптасуындағы директордың ролі.

1. Бастапқы әскери дайындықтың әскери спорт құрылымдары

Оқу программасы бөліп көрсететін оқу – тәрбиелік тапсырмаларды табысты шешу үшін және әрбір жалпы білім беретін мектепте «оқу орында» әскери – спорт ойындарын өткізуде алғашқы әскери дайындықтың оқу – материалдық базасының жалпы комплексіне мынадай элементтер кіруі тиіс: қару – жарак сақтауға арналған бөлме, атқыштық бағыт, тактикалық дайындық пеназаматтық қауіпсіздік бойынша, сабақтар өткізуге арналған оқу қалашығы; күндізгі күзетші мен сақшының міндеттерін оқуға арналған орын; ату ережелерін практикалық түрде үйретуге арналған орын; қару – жаракты тазарту орны және қатарға тұру дайындығына арналған аудан; азаматтық қауіпсіздік бойынша оқу қалашығы және тактикалық дайындық бойынша сабақтар өткізуге арналған оқу жазықтығы.

Оқу қалашығы мен тактикалық дайындық бойынша сабақ өткізуге арналған оқу жазықтықтары оқуға арналған орындармен, аудандармен, шекаралармен ерекшеленеді.

Оқу - материалдың базасының комплексінің бүкіл элементтері белгілі бір жабдықтар мен сабақ пен әскери – спорттық ойындарды өткізуге арналған оқулықтарды қажет етеді. Бұл АӘД мұғалімінің тікелей басқаруы мен жүзеге асыратындықтан, ол тек құрал – жабдықтар мен оқулықтардан ғана хабары болып қана қоймай, құралдардың дайындалуы жөнінде білуі тиіс.

Оқу қалашықтарының құрылуы және жабдыкталуы.

Жақын орналасқан мектептер келісілген жоспар бойынша сабақ өткізу үшін осындай қалашықты құрады.

Сонымен бірге, оқу қалашығы денсаулық сақтаушы қауіпсіздік – спорттық лагерьлерге жақын орналасқан (жастарға арналған) тактикалық, сабақтарды өткізуге арналған жабдықталған оқу жазықтықтары бар мектептерде құрылмауы да мүмкін. Немесе олар тактикалық сабақтарды әскери бөлімнің оқу базасында жүргізу мүмкіндігіне ие. Бірақ та, мұндай жағдайда оқу жазықтығының жабдықталуын базалардың қарсыластардың танкілерін құртуға арналған қолданбалы таннікі құртатын гранаталарды қолдануға жаттығуға арналған аудандармен қамтамасыз ету тиіс. Мұнда танкінің макеті мен контурын №12 көздеу көлігі мен өту қару – жарағы арқылы ауаның мақсаттарының жаттығу орнымен тағайындалған болып тиіс.

Оқу қалашығы қандай вариант бойынша құрылғанына қарамастан, оның оқу аудандарының жабдықталуы жалпы бірдей белгілерге ие. Ал жабдықтаудың күрделілік деңгейі мен оның орындалу жағдайлары мен мүмкіндіктеріне байланысты болып табылады.

Оқыту материалдық базасының элементтері.

Үйрету қалашығы практикалық дайындыққа және Азаматтық қорғаныс ең керекті элемент бойынша оқу материалды базасы АӘД ҚР Қорғаныс Министрлігінде қаралды. Оның көлемі учаскеде 60х10 м болуы керек. Бірақ мемлекеттің шағын учаскелері үйрету қалашығын істеуге мүмкіндік бермейді. Мысалы: оқыту материалдық базасының элементтерін, оқыту орындарын және саптық сабақтарға, жалпы әскери және орташа дайындығына. Бірақ, практика жүзінде мектептің кішкентай алаңдарының өзінде оқыту – материалдық базаларын салыстырады, олар: саптық дайындықтар, атудың әдістерімен мен ережелері, сақшының практикалық міндеттерін.

Ең қолайлы жағдайды ауыл мектептері болады. АӘД жаңа оқу бағдарламасына қосу жастардың 5 және 14 күндік оқу полевой жиыны өзінің болуымен оқыту қалашықтарын тактикалық дайындыққа және азаматтың қорғаныс бұл жиындар денсаулықты нығайту және лагерьлерде, базаларда болады.

Егер де оқыту қалашығы әскери бөлімдерде болатын болса, онда оның ойдағыдай өтуіне кері әсер етеді. Кейде жиындар мектептің алаңында өткен жағдайда олар кіру және шығумен ғана болды. Мектепке жақын орналасқан жерлерде сабақ өткізу өте қолайлы. Өйткені барлық заттарды тасымалдау, жолы да өте қолайлы болып келеді және қауіпсіздік шараларын сақтайды. Бұл жерлерді столдармен, танктердің макеттерімен, ату апаратымен және т.б. қамтамасыз ету керек және бұл жер күзеттердің қарауында болады, және де балалардың жарақаттануынан сақтандырады. Сонымен қатар, үйрету қалашықтарында көшіп-қонып жүруге өте ыңғайлы құрал-жабдықтар бар. Олар: мишеньдер, указкалар, макеттер мен мина корпусы және т.б. Бұлар әскерлердің ұрыста дұрыс жүрулеріне, ядролық қарулардың атылуы барысында, дегазация және дезактивизация жүргізу кезінде мина қойылған жерлерден дұрыс өту және т.б.

Осындай алаңдар егерде мектеп жеріне сымаса, онда оны мектеп сыртына құралдары әдетте орнатылған жерге шығуға болады. Бірақ, АӘД мұғалімі осы өткізілетін жерді алдын-ала зерттеп, қарап дайындауы тиіс. Ең алдымен алынған учаске өте үлкен болуы қажет, 10 метрден құралған учаске аз болады. Сондықтан учаскелік үлкен болуы балалы жерде жорғ, өткен дайындықта «алға» деген команда бойынша болуы керек. Ал, учаске тереңдігі 50-100 м. болуы керек.

Саптық дайындыққа арналған алаң

Саптық дайындыққа арналған алаңдар құрал жабдықтармен жақсы қамтамасыз етілсе, онда оқытып-тәрбиелеу сабақтары мектептерде, әскери училищелерде, әскери бөлімшелерде жақсы түрде өтеді. Ал саптық дайындыққа арналған алаң жерлері құмды болса, онда ол жерде дайындық қиындыққа түседі. Сондықтан ол жердің жері міндетті түрде асфальттанған болуы қажет. Мысалы, бір алаңды алатын болсақ, саптық дайындыққа арналған 1 жерде: 1 шитте сапта тұрған адамдардың үлгісі тұрады;

2 жерде: орнында тұрып айналу және дұрыс сапта тұруды үйрену;

3 жерде: щиттерді дұрыс орнату;

Ал, 4 жерде: саптық жүріс және дұрыс айналу, әскери шенді беру қозғалыстары.

Мектептің Саптық алаңына және т.б. саптық алаңдарды дайындай үшін, ең алдымен қатты тегіс жер болуы қажет. Оның 3 түрі бар:

1. бетоннан
2. кірпіш ұнтағынан
3. гравий және саз балшық

Осы қатты тегіс жердің үстеріндегі сызықтар әр түрлі ашық жақсы көрінетін болуы керек. Алаңның үлкендігі АӘД мұғалімінің бір мезетте, бір алаңда әр түрлі сыныптарға сабақ беретіндей ыңғайлы болуы керек. 10-12 балалары бар сыныптарға алаң тік төрт бұрыш болуы керек және оның ауданы 9,0-17,0 м. Алаңды бөлу жібінің ұзындығы 2-3 м., рейкадан жасалған тік бұрышты үшбұрыш 2x5 см, ал оның жақтары 1,5-2,0 см, рулетканың ұзындығы 10-20см, ватеркас 25-30, колышкалар 2x3x25 см.

Тактикалық сабаққа арналған оқыту алаңы.

Оқыту орнының құрамы.

Райондар мен қалаларда, полигондар мен оқыту алаңдары жоқ, әскери бөлімдердің және ДОСАФ мекемелерінің құрамына кірмейтін жерлер, Халық Кеңесінің депутаттарының бойынша, бір алаң немесе участок беріліп, оны қару, құрал жабдықтармен қамтамасыз етіп, жастарды АӘД сабағына дайындауға мүмкіндік береді.

Әр спортты-қорғаныс, жаттықтыру лагерлерінде тактикалық алаң болуы қажет. Оның құрамы жабдықталған орындар мен практикалық және тактикалық саптық үйрету алаңдары «Әскердің ұрыстағы немесе соғыстағы жағдайы» деген тақырыбы бойынша, және де «Әскердің соғыстағы жағдайы бөлімшелердің құрамды» атты тактикалық тақырыбы.

Солдаттың соғыста жүруі

Оқыту орныны дайындаудың ең бастысы- дұрыс таңдау және санитар-гигиена мен қауіпсіздік шараларын сабақта сақтау керек. Бұл оқыту орнын құрал жабдықтар керек етпейді.

Инженерлік құралдар позициясы- қорғаныс бөлімдерінде

Тақырып бойынша бұл сабақты жақсы өткізу үшін, жақсы құрал жабдығы бар жер болуы керек. Ол үшін мотоатқыштын позициялы бөлімдері Әскери уставының құрғақ жолды әскер; 3 бөлім (взвод, бөлімше, полк): автоматшыларға арналған жабдықтау ұяшықтары (негізгі және запасты) пулеметті және гранатометті алаңдармен, қарауылдар және де талды да құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіледі, блиндат және жабық щельдер окоптарды стойкалар арқылы тұрғызады. Өйткені бірте-бірте, жылдан-жылға окоптар үгітіліп өз пішіндерін жоғалтып, үйрету құралы болмай қалады. Практика жүзінде 1 окоп 1 мезгіл (сезон) ғана тұрады деп дәлелдеген. Онда, мотоатқыштар позиция бөлімі 3000 сағат жұмыс ғана болады. Сондықтан, окоп беттерін жауып, міндетті түрде қорғау керек. Окоп ішінде жабдықтардың суы жинақталатын шұңқырша болады, оның тереңдігі 1,0-1,5 м. Окоптардың алдарында және жандарында темірден жасалған дарбазалар және мина қойылған алаңдар болуы керек. Оқушыларға үйрету кезінде мұндай шараларды қолдануға тиым салады. Тыл позицияларда және флагтарда окоптарды БМП немесе БТР- мен дөңгеленіп атқылайды.

Окоптарды ашу кезінде қауіпсіздік шараларын қолданған жөн.

Бақылау орнын таңдау, оны құрал жабдықтармен қамтамасыз етіп, әшекейлеу.

Үйрету орны және т.б. осымен байланысты үйрету сұрақтары жалғыз әскердің дайындығы туралы, әскерді таңдап алынған орынды таныстырады, оны шашу жерін және т.б. Участок орындары, жоғарыда айтылған жерлердің ұзындығы 100 м фронттан 400 м тереңдікке дейін болады.

Сабақ өткізу кезінде компас, бақылау журналын, схема және бақылау приборларын және де әртүрлі щиттерге шегеленген мишеньдерді дайындау керек.

Атуға дайындау позициясы және маскировка

Бұл оқытып, үйрету орны әрбір оқушыға ыңғайлы, от шашқан кезде әрбіреуі өзін жеке қорғап қалуы тиіс, соған тиімді болуы керек. Сондықтан, бұл үйрету орнына ашық жалғыз окоптары бар жерлер таңдалады. Өйткені әрбір оқушы уақытын құрпай жабдықталған окоптарды көріп, сол окоптардың ішінен жатып, тізерлеп және тұрып атуға ыңғайлы болуы керек.

Лаборант бөлмесін құралдармен жабдықтау

Приборларды сақтау үшін және т.б. оқу құралдарын әскери дәрісте лаборантский көрсетілген. Лаборантская тек қана құрал-жабдықтарды сақтау үшін ғана емес, сонымен қатар диафильмдер және кинофрагменттерді экранда, қабырғаға орнатылған жартылай көрінбейтін матадан.

Оқыту приборлары, бөлімдер және тақырыптар бойынша жүйелендіріледі оқыту бағдарламасы бойынша, олар шкафтардың ішінде комплектімен жеке өз түрі бойынша, противогаздар өздерінің өлшемдері бойынша тұрады. Противогаз сумкаларда жарлықтар қыстырылады 3x5 см.

Стиляждар немесе бөлек полкалар қабырғаға міндетті түрде қатты қағылуы тиіс, өйткені заттар қойған кезде құлап лаборанттарға зақым келітруі мүмкін.

Лаборантскийдің болмауы қорғаныс заттарынан, радиостанциялар, радиациялық және химиялық приборлар және т.б. әскери бөлімшелерде сақталады.

Қорыта айтатын болсақ, жақсы әскери жабдықталған бөлімшелер тек қана жоғарғы сыныптағылар емес, сонымен қатар, басқа балалардың да тәрбиесі өз үйлесін қосады. Әскери бөлімшелерді дайындау кезінде мұғалімдер балаларды әскери патриотты тәрбиелеуін ескеруі керек.

Әскери бөлімшелер, сонымен қатар, практикалық ашық сабақтар өткізуге алғашқы әскери дайындыққа баларды баулу және де оларды ҚР Қарулы күштеріне дайындау болып табылады.

Қару сақтау бөлмесін құрал – жабдықтармен қамтамасыз ету.

Орта білім беру мектептерінде табельді үйрету қаруды сақтауға рұқсат береді. Сол себептен мектептерде АӘД сабағына байланысты әдейі қару сақтайтын бөлме беріледі.

Индивидуалды сақтау заттары, радиостанциялар, радиациялық приборлар, химиялық және т.б. мұралар АӘД сабағына жеке бөлінген лабораторияларда немесе әскери бөлімшелерде сақталуы керек. Бұлардың есіктері темір решеткамен жабылуы тиіс. Бөлменің бергі жағында индивидуалды қорғау заттары, ал арғы жағында қарулар сақталады. Және де бұл бөлмелер міндетті түрде сигнализация орнатылған болуы керек.

Бөлмелерді сигнализациямен қамтамасыз ету жоғарыдағы мысалдар бойынша мектеп қамтамасыз етеді. Ал., егер де бұл бөлме күзетің қарауына берілсе, онда орталық сигнал жүйе бойынша басқарылады.

Бөлмелерде міндетті түрде әрбір заттың өз құжаты болуы керек.

Мектептің құрал-жабдықтарын сақтап жинақтау және көрнекі құралдардың көмегімен АӘД-і үйрету.

Құрал-жабдықтар, техникалық оқыту АӘД сабағында қолданылатын материалды құндылықтар барлығы мұғалімнің қарауында, міндетінде болады. Үйрету құрал-жабдықтарының әрқайсысында өзінің жекелеген құжаттары болады.

«мүлік категориясы» түсінігі характеристика оның сапасы бойынша енгізілген. Тәжірибе жүзінде эксплуатацияны мүлікке 2-ші категориясы учет қойылады. 3-ші категорияға жататын мүлік жөндеуді қажет етеді, 4-шіге қалпына келтіріп жөндеу, 5-шіге толық жарамсыз деп списанияға жібереді. Бір категориядан екіншіге өту акт арқылы көшіріледі, оны мектеп директоры көшіреді.

Техникалық заттардың оқуына қару, аппараттарға міндетті түрде товар номері көрсетіледі. Мұндай жағдайда комплект бөлек болады, барлық құрамы мен айырбасталатын бөлшектері, әрі құжаттары, заводтық номері көрсетіледі. Мүлік комплектілеуге тиым салынады. Қаруды күту, техникалық заттармен үйрену және

аппаратармен тазалау, майлау және профилактикалық тексеріс немесе эксплуатация жетекшілігімен аппаратты немесе техникалық құралға қойылған. Қару мен аппараттық күтілуі график бойынша қойылған.

Әрбір босатылған затқа табельде көрсетілгендей ақы алынады. Әскери жетекші осы уақытты қатты қадағалануы тиіс, ереже сақтау және оқу мүліктерін жинақтау, құрал-жабдықтарды әскери жетекшілерге және оқушыларға. Әскери жетекшінің міндеті мемлекеттің мүлкіне жауапкершілікпен қарауға әрбір баланы тәрбиелеу. Ережелерді сақтау және оқу мүліктерін жинақтау оның қызмет ету мерзімін ұлғайтып қана қоймай, техникалық оқыту сабақтарында бас тартуға кепілдік береді, оқушылардың АӘД деген эффектісін көтереді. Тәжірибе бойынша мектептерде қазіргі заманға сай оқыту-материалды базасының педагогикалық талабына жауап береді және оның барлық элементтерін әрқашанда дайындықта теориялық сабақта әскери бөлмелерде және тирдегі тәжірибелік сабақта және сол орында

6. Тақырып: Оқу орындарындағы бастапқы әскери дайындық нысандарының құрылыстары.

1. Бастапқы әскери дайындығы мен дене шынықтыру дайындығы бойынша практикалық сабақтарды өткізу орны, нысандардың белгіленуі мен тізімі. Әскери кабинетті ашу және жабдықтау талаптары.
2. Оқыту материалдық базасының элементтері.

Үйрету қалашығы практикалық дайындыққа және Азаматтық қорғаныс ең керекті элемент бойынша оқу материалды базасы АӘД ҚР Қорғаныс Министрлігінде қаралды. Оның көлемі учаскеде 60x10 м болуы керек. Бірақ мемлекеттің шағын учаскедары үйрету қалашығын істеуге мүмкіндік бермейді. Мысалы: оқыту материалдық базасының элементтерін, оқыту орындарын және саптық сабақтарға, жалпы әскери және орташа дайындығына. Бірақ, практика жүзінде мектептің кішкентай алаңдарының өзінде оқыту – материалдық базаларын салыстырады, олар: саптық дайындықтар, атудың әдістерімен мен ережелері, сақшының практикалық міндеттерін.

Ең қолайлы жағдайды ауыл мектептері болады. АӘД жаңа оқу бағдарламасына қосуы жастардың 5 және 14 күндік оқу полевой жиыны өзінің болуымен оқыту қалашықтарын тактикалық дайындыққа және азаматтың қорғаныс бұл жиындар денсаулықты нығайту және лагерьлерде, базаларда болады.

Егер де оқыту қалашығы әскери бөлімдерде болатын болса, онда оның ойдағыдай өтуіне кері әсер етеді. Кейде жиындар мектептің алаңында өткен жағдайда олар кіру және шығумен ғана болды. Мектепке жақын орналасқан жерлерде сабақ өткізу өте қолайлы. Өйткені барлық заттарды тасымалды, жолы да өте қолайлы болып келеді және қауіпсіздік шараларын сақтайды. Бұл жерлерді столдармен, танктердің макеттерімен, ату ақопымен және т.б. қамтамасыз ету керек және бұл жер күзеттердің қарауында болады, және де балалардың жарақаттануынан сақтандырады. Сонымен қатар, үйрету қалашықтарында көшіп-қонып жүруге өте ыңғайлы құрал-жабдықтар бар. Олар: мишеньдер, указкалар, макеттер мен мина корпустары және т.б. Бұлар әскерлердің ұрыста дұрыс жүрулеріне, ядрелік қарулардың атылуы барысында, дегазация және дезактивизация жүргізу кезінде мина қойылған жерлерден дұрыс өту және т.б.

Осындай алаңдар егерде мектеп жеріне симаса, онда оны мектеп сыртына құралдары әдетте орнатылған жерге шығуға болады. Бірақ, АӘД мұғалімі осы өткізілетін жерді алдын-ала зерттеп, қарап дайындауы тиіс. Ең алдымен алынған учаске өте үлкен болуы қажет, 10 метрден құралған учаске аз болады. Сондықтан учаскедың үлкен болуы балалы жерде жорғ, өткен дайындықта «алға» деген команда бойынша болуы керек. Ал, учаске тереңдігі 50-100 м. болуы керек.

Саптық дайындыққа арналған алаң

Саптық дайындыққа арналған алаңдар құрал жабдықтармен жақсы қамтамасыз етілсе, онда оқытып-тәрбиелеу сабақтары мектептерде, әскери училищелерде, әскери

бөлімшелерде жақсы түрде өтеді. Ал саптық дайындыққа арналған алаң жерлері құмды болса, онда ол жерде дайындық қиындыққа түседі. Сондықтан ол жердің жері міндетті түрде асфальттанған болуы қажет. Мысалы, бір алаңды алатын болсақ, саптық дайындыққа арналған 1 жерде: 1 щитте сапта тұрған адамдардың үлгісі тұрады;

2 жерде: орнында тұрып айналу және дұрыс сапта тұруды үйрену;

3 жерде: щиттерді дұрыс орнату;

Ал, 4 жерде: саптық жүріс және дұрыс айналу, әскери шенді беру қозғалыстары.

Мектептің Саптық алаңына және т.б. саптық алаңдарды дайындай үшін, ең алдымен қатты тегіс жер болуы қажет. Оның 3 түрі бар:

4. бетоннан

5. кірпіш ұнтағынан

6. гравий және саз балшық

Осы қатты тегіс жердің үстеріндегі сызықтар әр түрлі ашық жақсы көрінетін болуы керек. Алаңның үлкендігі АӘД мұғалімінің бір мезетте, бір алаңда әр түрлі сыныптарға сабақ беретіндей ыңғайлы болуы керек. 10-12 балалары бар сыныптарға алаң тік төрт бұрыш болуы керек және оның ауданы 9,0-17,0 м. Алаңды бөлу жібінің ұзындығы 2-3 м., рейкадан жасалған тік бұрышты үшбұрыш 2х5 см, ал оның жақтары 1,5-2,0 см, рулетканың ұзындығы 10-20см, ватеркас 25-30, колышкалар 2х3х25 см.

Тактикалық сабаққа арналған оқыту алаңы.

Оқыту орнының құрамы.

Райондар мен қалаларда, полигондар мен оқыту алаңдары жоқ, әскери бөлімдердің және ДОСАФ мекемелерінің құрамына кірмейтін жерлер, Халық Кеңесінің депутаттарының бойынша, бір алаң немесе участок беріліп, оны қару, құрал жабдықтармен қамтамасыз етіп, жастарды АӘД сабағына дайындауға мүмкіндік береді.

Әр спортты-қорғаныс, жаттықтыру лагерлерінде тактикалық алаң болуы қажет. Оның құрамы жабдықталған орындар мен практикалық және тактикалық саптық үйрету алаңдары «Әскердің ұрыстағы немесе соғыстағы жағдайы» деген тақырыбы бойынша, және де «Әскердің соғыстағы жағдайы бөлімшелердің құрамды» атты тактикалық тақырыбы.

Солдаттың соғыста жүруі

Оқыту орнының дайындаудың ең бастысы- дұрыс таңдау және санитар-гигиена мен қауіпсіздік шараларын сабақта сақтау керек. Бұл оқыту орнын құрал жабдықтар керек етпейді.

Инженерлік құралдар позициясы- қорғаныс бөлімдерінде

Тақырып бойынша бұл сабақты жақсы өткізу үшін, жақсы құрал жабдығы бар жер болуы керек. Ол үшін мотоатқыштың позициялы бөлімдері Әскери уставының құрғақ жолды әскер; 3 бөлім (взвод, бөлімше, полк): автоматшыларға арналған жабдықтау ұяшықтары (негізгі және запасты) пулеметті және грантометті алаңдармен, қарауылдар және де талды да құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіледі, блиндат және жабық щельдер окоптарды стойкалар арқылы тұрғызады. Өйткені бірте-бірте, жылдан-жылға окоптар үгітіліп өз пішіндерін жоғалтып, үйрету құралы болмай қалады. Практика жүзінде 1 окоп 1 мезгіл (сезон) ғана тұрады деп дәлелдеген. Онда, мотоатқыштар позиция бөлімі 3000 сағат жұмыс ғана болады. Сондықтан, окоп беттерін жауып, міндетті түрде қорғау керек. Окоп ішінде жабдықтардың суы жинақталатын шұңқырша болады, оның тереңдігі 1,0-1,5 м. Окоптардың алдарында және жандарында темірден жасалған дарбазалар және мина қойылған алаңдар болуы керек. Оқушыларға үйрету кезінде мұндай шараларды қолдануға тиым салады. Тыл позицияларда және флагтарда окоптарды БМП немесе БТР- мен дөңгеленіп атқылайды.

Окоптарды ашу кезінде қауіпсіздік шараларын қолданған жөн.

Бақылау орнын таңдау, оны құрал жабдықтармен қамтамасыз етіп, әшекейлеу.

Үйрету орны және т.б. осымен байланысты үйрету сұрақтары жалғыз әскердің дайындығы туралы, әскерді таңдап алынған орынды таныстырады, оны шашу жерін және

т.б. Участок орындары, жоғарыда айтылған жерлердің ұзындығы 100 м фронттан 400 м тереңдікке дейін болады.

Сабақ өткізу кезінде компас, бақылау журналын, схема және бақылау приборларын және де әртүрлі щиттерге шегеленген мишеньдерді дайындау керек.

Атуға дайындау позициясы және маскировка

Бұл оқытып, үйрету орны әрбір оқушыға ыңғайлы, от шашқан кезде әрбіреуі өзін жеке қорғап қалуы тиіс, соған тиімді болуы керек. Сондықтан, бұл үйрету орнына ашық жалғыз окоптары бар жерлер таңдалады. Өйткені әрбір оқушы уақытын құрпай жабдықталған окоптарды көріп, сол окоптардың ішінен жатып, тізерлеп және тұрып атуға ыңғайлы болуы керек.

Лаборан бөлмесін құралдармен жабдықтау

Приборларды сақтау үшін және т.б. оқу құралдарын әскери дәрісте лаборантский көрсетілген. Лаборантская тек қана құрал-жабдықтарды сақтау үшін ғана емес, сонымен қатар диафильмдер және кинофрагменттерді экранда, қабырғаға орнатылған жартылай көрінбейтін матадан.

Оқыту приборлары, бөлімдер және тақырыптар бойынша жүйелендіріледі оқыту бағдарламасы бойынша, олар шкафтардың ішінде комплектімен жеке өз түрі бойынша, противогаздар өздерінің өлшемдері бойынша тұрады. Противогаз сумкаларда жарлықтар қыстырылады 3x5 см.

Стиляждар немесе бөлек полкалар қабырғаға міндетті түрде қатты қағылуы тиіс, өйткені заттар қойған кезде құлап лаборанттарға зақым келітруі мүмкін.

Лаборантскийдің болмауы қорғаныс заттарынан, радиостанциялар, радиациялық және химиялық приборлар және т.б. әскери бөлімшелерде сақталады.

Қорыта айтатын болсақ, жақсы әскери жабдықталған бөлімшелер тек қана жоғарғы сыныптағылар емес, сонымен қатар, басқа балалардың да тәрбиесі өз үйлесін қосады. Әскери бөлімшелерді дайындау кезінде мұғалімдер балаларды әскери патриотты тәрбиелеуін ескеруі керек.

Әскери бөлімшелер, сонымен қатар, практикалық ашық сабақтар өткізуге алғашқы әскери дайындыққа баларды баулу және де оларды ҚР Қарулы күштеріне дайындау болып табылады.

Қару сақтау бөлмесін құрал – жабдықтармен қамтамасыз ету.

Орта білім беру мектептерінде табельді үйрету қаруды сақтауға рұқсат береді. Сол себептен мектептерде АӘД сабағына байланысты әдейі қару сақтайтын бөлме беріледі.

Индивидуалды сақтау заттары, радиостанциялар, радиациялық приборлар, химиялық және т.б. мұралар АӘД сабағына жеке бөлінген лабораторияларда немесе әскери бөлімшелерде сақталуы керек. Бұлардың есіктері темір решеткамен жабылуы тиіс. Бөлменің бергі жағында индивидуалды қорғау заттары, ал арғы жағында қарулар сақталады. Және де бұл бөлмелер міндетті түрде сигнализация орнатылған болуы керек.

Бөлмелерді сигнализациямен қамтамасыз ету жоғарыдағы мысалдар бойынша мектеп қамтамасыз етеді. Ал., егер де бұл бөлме күзетің қарауына берілсе, онда орталық сигнал жүйе бойынша басқарылады.

Бөлмелерде міндетті түрде әрбір заттың өз құжаты болуы керек.

Мектептің құрал-жабдықтарын сақтап жинақтау және көрнекі құралдардың көмегімен АӘД-і үйрету.

Құрал-жабдықтар, техникалық оқыту АӘД сабағында қолданылатын материалды құндылықтар барлығы мұғалімнің қарауында, міндетінде болады. Үйрету құрал-жабдықтарының әрқайсысында өзінің жекелеген құжаттары болады.

«мүлік категориясы» түсінігі характеристика оның сапасы бойынша енгізілген. Тәжірибе жүзінде эксплуатацияны мүлікке 2-ші категориясы учет қойылады. 3-ші категорияға жататын мүлік жөндеуді қажет етеді, 4-шіге қалпына келтіріп жөндеу, 5-шіге толық жарамсыз деп списанияға жібереді. Бір категориядан екіншіге өту акт арқылы көшіріледі, оны мектеп директоры көшіреді.

Техникалық заттардың оқуына қару, аппараттарға міндетті түрде товар номері көрсетіледі. Мұндай жағдайда комплект бөлек болады, барлық құрамы мен айырбасталатын бөлшектері, әрі құжаттары, заводтық номері көрсетіледі. Мүлік комплектілеуге тиым салынады. Қаруды күту, техникалық заттармен үйрену және аппараттармен тазалау, майлау және профилактикалық тексеріс немесе эксплуатация жетекшілігімен аппаратты немесе техникалық құралға қойылған. Қару мен аппараттық күтілуі график бойынша қойылған.

Әрбір босатылған затқа табельде көрсетілгендей ақы алынады. Әскери жетекші осы уақытты қатты қадағалануы тиіс, ереже сақтау және оқу мүліктерін жинақтау, құрал-жабдықтарды әскери жетекшілерге және оқушыларға. Әскери жетекшінің міндеті мемлекеттің мүлкіне жауапкершілікпен қарауға әрбір баланы тәрбиелеу. Ережелерді сақтау және оқу мүліктерін жинақтау оның қызмет ету мерзімін ұлғайтып қана қоймай, техникалық оқыту сабақтарында бас тартуға кепілдік береді, оқушылардың АӘД деген эффектісін көтереді. Тәжірибе бойынша мектептерде қазіргі заманға сай оқыту-материалды базасының педагогикалық талабына жауап береді және оның барлық элементтерін әрқашанда дайындықта теориялық сабақта әскери бөлмелерде және тирдегі тәжірибелік сабақта және сол орында

Азаматтық қауіпсіздік бойынша қалашықтың жабдықталуы.

Азаматтық қауіпсіздік бойынша қалашық құрамына мыналар кіреді:

1. 35-үб адамға арналған радиацияға қарсы арналған паналау орны.
2. 8-12 адамға арналған жабық сақылау.
3. ашық сақылау.
4. Уланушы және радиациялы заттардан сақтайтын құдық.
5. Арнайы өңдеуге арналған аудан.

Гимнастикалық қалашық және кедергілер қатары.

Осы гимнастикалық қалашықтың және кедергілер қатары оқушылардың жаңа программаға сай дайындалуына байланысты арналған. Бұл дене шынықтыру комплексінің нормаларын тапсыруды да қарастырады. Сонымен мектептің дене шынықтыру мұғалімдерінің, әдістемеліктерінің басшылығымен спорт алаңында, стадионда жүргізіледі.

Гимнастикалық қалашыққа мыналар кіреді:

- биіктігі 64 м – ге жететін металл немесе ағай конструкция, 4 арқан және 6 саты;
- металл трубалардан жасалған әртүрлі биіктіктегі ауыспалы немесе бір мезгілде 5-6 адамға жұмыс жасауға арналған стандартты ауыспалы турниктер;
- металл трубалардан жасалған әртүрлі биіктіктегі параллельді брустар немесе бір мезгілде 5-6 адам жұмыс жасауға арналған стандартты түрлері;
- гимнастикалық снарядтар (стандартты секіргіш заттар);
- биіктікпен ұзындыққа айланысты өз орнынан секіруге арналған орындар;
- аяққа арналған биіктігі 35 см, ұзындығы 4-5 м гимнастикалық отырғыш;
- ені -5м, биіктігі -2,5м тең гимнастикалық қабырға;
- ойндар мен эстафеталарды, сабақтың дайындық бөлігін өткізуге арналған аудан;
- ұзындығы – 100м, ені -2м жүгіру жолы.

Мүмкіндігі бойынша дәл осы гимнастикалық қалашықта қыздармен гимнастикамен айналысуға арналған.

- Енді кедергілер қатарына келетін болсақ, ол тікелей 80м – ге дейін созылады.

Оған мыналар жатады:

- старттан 20м қашықтықта орналасқан шұңқыр. (ені -2,5м, ұзындығы – 3м, тереңдігі - 0,5м);
- шұңқыр арқылы орналасатын ені -4м, тереңдігі -1м (ұзындығы -5м, диаметрі -20-30см) бөрене;

Бұл бөрене шұңқырдан 5м қашықтықта орналасқан.

- бөрененің соңына дейін 10м қашықтыққа орналасқан үш сырғауылдан тұратын дуал. (биіктігі -1,5м, ұзындығы -3м, сырғауыл арасындағы қашықтық -45см);

- түпсіз терең дуалдан 5м қашықтыққа орналақан)ұзындығы -6м, ені -2м, биіктігі - 1,1м, жолдың ені -0,5м, жол саны -10).
- Шұңқыр (ені -1,5м, ұзындығы -3м, тереңдігі -0,5м) лабиринттен 5м жерле болады;
- Дуал (биіктігі -1,5м, ені -3м) старттан -79м қашықта орналасады;
- Жүгіру жолы (9-сыныптар үшін ұзындық -60м, 10- сынып үшін ұзындық -80м).

7. Тақырып: Ату тирлері мен оқ ату орындары.

1. Оқ ату орындары мен тирлер түрлері, классификациялары және белгіленуі. Тирдің өткізу мүмкіндігі. Тирдің жобасын жасаудағы ерекшеліктері.

2. Тирлердің атқаратын қызметі және түрлері.

Ату тирі-деп ұрыстық, спорттық және пневматикалық қарудан атыс жүргізуге арналған қауыпсіз құрылғы немесе жергілікті жер учаскісін айтады. Ату тирін арнайы тұрғызған ғимаратта,бөлмелерде немесе арнайы жабдықталған жергілікті жер учаскісіне орналастыруға болады.

Тирдің құрылысы және түрі ату аймағының бекіністері және қате ұшқан оқты қағып алатын құрылғылардың сыртқы сипатымен анықталады. Қауыпсіздік деңгейіне қарап тирлердің үш түрін айтып көрсетуге болады:жабық,жартылай жабық және ашық.

Жабық түрдегі тирлер толығымен қауыпсіз. Өйткені олардың құрылысы оқтың ату аумағынан шығып кетпеуін қамтамасыз етеді. Мұндай түрлер қалалық және ауылдың мектептердің жер учаскілерінде немесе мектеп ғимараттарында салынуы мүмкін.

Жартылай жабық тирде оқтың ату аймағынан шығып кетпеуін қамтамасыз етеді. Бірақ олардың аз соққы күшін және оқтың алысқа ұшуын ескере отырып жартылай жабық түрлерін тұрғын үйден алшақ жерде салуға рұхсат етеді.

Ашық түрдегі тирлер оқтың атыс аймағынан шығып кетпеуін толық қамтамасыз ете алмайды. Ашық түрдегі тирлерді тек тұрғындар тұрмайтын жерге,ескертіліп белгіленген,сондай-ақ атыс кезінде эскерилермен тізбеге алынады.

Сондай-ақ тирлер атқаратын қызметіне,қашықтығына қарай бөлінеді (жылдам,ақырын ату және пневматикалық қарудан ату үшін 5м-ден 300м дейін). Тирлер көлемдері (өткізу мүмкіндігі) бойынша бөлінеді.

Егер тирде тұрақты атыс рубежінен бір қашықтықта мишеньді өзгертпей атыс жүргізілетін болса,арнайыланған деп аталады. Түрлі қашықтықтан,түрлі мишень қондырғыларын қолданып атқан жағдайда тир эмбебап болып табылады.

Оқушыларды алғашқы эскери оқыту жүйесінде тир оқу бағдарламасының атыс дайындығы бөлімі оқу тәрбие міндеттерін табысты шешу үшін қажет. Қала және ауыл мектептерінің тирі түрлі оқ жібермейтін материалдардан жабық немесе жартылай жабық түрінде тұрғызылуы мүмкін.

Тирлердің негізгі бөліктері

Барлық тирлер ату павильоны және ұрыс аймағынан құрылады. Жабық түрдегі тирлерде ату павильоны мен ұрыс аймағы тұтас болып, бір жерде орналасады.Ату павильонының негізгі орны ату галлерейсы.

Жартылай жабық тирлерде ату павильоны ұрыс аймағына кіре орналасады. Ату павильонының көлеміне байланысты ол түрлі мақсаттағы орын кешенін құрайды(күту,қару тазалау,санитарлық бөлмелері). Бұл орындардың саны мен көлемі тирдің түрі және оның проектісіне байланысты.

Ату галлерейсы -ату павильонының негізгі элементі. Ол атушылардың оқ ату сызығына ыңғайлы орналасуын қамтамасыз етуге арналған. Ату галлерейсы қазылар үшін ұрыс позициясы мен аумағы орналасқан ату рубежінен,сондай-ақ тренерлер,көрермендерге арналған аймақтан тұрады.

Ату галлерейсы ұрыс аумағынан бөлінбейтін жабық түрдегі тирлерде ату рубежі өткелден биіктігі 1,1м ашық кедергімен шектелуі мүмкін.

Ату аймағы-оқ ату сызығымен оқ қаққыш арасындағы оқтың тиетін кеңістігі. Ол толығымен немесе шамалы үстінен және қапталған оқ теспейтін жапқыштармен жабылуы

мүмкін. Жабық түрдегі тирлерде қабырғамен төбедегі жапқыштар ролін ойнауы мүмкін. Жартылай жабық тирлерде төбедегі жабық болмайды. Ал жоғарыға кеткен оқты қағып алу үшін ату аумағына көденеңінен оқ теспейтін травестер орнатылады.

Оқтың ату аймағынан асып кетпеуін қамтамасыз ететін жапқыштарға оқ қаққыштарды, оқ ату сызығы үстіндегі телпектерді пайдалануға болады.

Мектеп тирінің ату аймағының түрі сопақшаланған тік бұрышты тәрізді. Оның ұзындығы атуға қабылданған қашықтықтың ұзындығына байланысты. Ату қашықтығы 25м тир үшін ату аймағы ұзақтығы 24-31м құрайды.

Мектеп тиріне қойылатын талаптар.

Мектеп тирін жоспарлау да салу да ВСН6-71 ату спорты үшін жоспарлаған құрылғы тәртібіне сүйенген жөн. Сондай-ақ алғаш әскери дайындығы бойынша орта жалпы білім беретін оқу орындары мен педагогикалық колледждарда сабақ өткізу кезінде қауыпсыздық тәртібі және шаралары ескертулері бойынша. Дұрыс жоспарланбаған және салынбаған тир төтенше жағдайдаларға әкеп соқтырады. Мынадай талаптарды сақтаған жөн: қабырғаға, төбеге тесік жасап, соның салғарынан электр сымдары, санитарлық-техникалық жабдықтар бұзылмауы үшін электр шаруашылығы және сантех жабдықтарға жауапты адамдардан алдын-ала рұқсат алып, солардың бақылауымен жұмыс істеу керек.

-мектеп тирі міндетті түрде шарбақпен қоршалуы керек. Бұл атыс аймағындағы адамдардың және жануарлардың болмауын қамтамасыз етеді.

-тирдің жандарындағы шарбақтарда есік, тесік болмауы тиіс. Мишендерге атыс тоқтатылған соң, атыс аймағының бойымен баруға рұқсат етіледі.

-жартылай жабық түрдегі атыс оңтүстіктен солтүстікке жүргізілетіндей жерге орналастырған дұрыс. Тирді бұлай орналастырғанда атыс рубежіндегі атқыштардың орналасуына орай және олардың биіктігі қарудың көк жиегіне сәйкес келетіндей етіп орнатады. -әр-бір тирге атыс жүргізу шарты, атыс рубежіндегі өзін ұстау тәртібін қарастыратын инструкция жасалуы қажет. Сондай-ақ қауыпсыздігінің тәртібі мен талаптары.

Мектеп тирлерінің қолдануы тәртібі.

Тирдің құрылысы (жерасты, жер үсті, труба және т.с.с) оның проектісімен анықталады. Мектеп ғимаратының астына салынған қарапайым тирдің немесе жартылай жабық тирдің проектісі мектепте жасалынуы мүмкін. Арнайы бөлек салынатын күрделі тирлердің проектісіне, арнайы проектілеу ұйымдарына тапсырыс беруге болады. Кез-келген тир оның құрылысына, күрделілік дәрежесіне қарамай, құрылыс біткен соң эксплуатацияға беруге ұсынылады. Оны, түрғызған мектеп немесе құрылыс ұйымы орындауы қажет. Сонымен бірге мынадай құжаттар дайындалады:

-тир түрғызуға ведомство аралық комиссияның рұқсаты.

-тирдің бекітілген проектісі (қапталдан салынған тирге сызбалары дүсіруіне хат)

-жартылай жабық тирлер үшін қапталуын және көлденең қаққыштардан суреттік есебі.

Тирді қабылдаушы комиссияның құрамына құрылыс ұйымдарының, жергілікті әскери комиссариат, ішкі істер органы және санитарлық эпидемиологиялық қызметтің өкілдері кіреді. Комиссияның құрамы халықтық білім беру органының берген өтінішінің негізінде халықтық депутаттардың атқарушы комитеттің төрағасымен бекітіледі. Комиссия қабылданған тирді пайдалануға рұқсат етпейді.

Тирдің кіші калибрлі қарудан оқ ату кезінде тәртіптер сақталуы

Мектеп тирлерінде оқ ату тек кіші калибрлі қарудан жасалады. Оқушылар нысанаға қару бағыттауды үйрену үшін пневматикалық қарудан «П» мишені бойынша қысқа қашықтықтан атады. Атудың барлық түріндегі қауыпсіздік оны нақты

ұйымдастыру, қауыпсіздік шараларын толық сақтауда және атыс негізінде барлық оқушылардың жоғары деңгейде тәртіпті болуымен қамтамасыз етіледі.

Тирдің кез-келген түрінде кіші калибрлі қарудан оқ ату кезінде мынадай тәртіптер сақталуы керек:

- атыс тек қалыпты жағдайда атыс жүргізуге арналған, дұрыс жұмыс
- атқыштар атыс рубежіне тек атыс жетекшісінің бұйрығы бойынша ғана келеді.
- атқыштарға қаруды жан-жағына, артына, адам, жан-жануарларға бағыттауға тыйым салынады.

- атыс рубежіне жетекшінің рұқсатсыз қаруды алуға тыйым салынады.

Қаруды ұрыс оқтарымен тек жетекшінің рұқсаттымен ғана оқтауға болады.

- атыс рубежінде қаруды лақтыруға, қалдырып кетуге рұқсат етілмейді.,

Әр-бір кезек атысты аяқтаған соң жетекшіге қаруын тексеріп, пайдаланған гильзаларды және жұмсалынбаған оқтарды есеп бойынша жетекшіге тапсырылады.

Гильза және оқтарды тапсырып болған соң жетекші қаруды тәртіп бойынша тексеріледі. Кезекті қаруды тексеріп болғанша алып кетуге тыйым салынады.

Тирдегі тәртіппен қауыпсіздікке мектептің бұйрығымен тағайындалған жетекшісі жауапты. Бұл жұмысқа әскери жетекші, дене тәрбиесі оқытушысы немесе атыс үйірмесінің жетекшісін тағайындауға бөледі.

Тирдегі атыс кезінде дәрі-дәрмек және байлам материалдары бар дәрігер болуы керек.

Жетекшінің бұйрығымен тағайындалған кез-келген жауапты адам мынаған міндетті.

- атыс жүргізгенге дейін орындаған жаттығуға мишендердің сәйкес келуі, мишеннің қалқасының дұрыстығын тексеру.

- атыс аймағында адамдардың болмауын олардың атыс кезінде онда кіріп кетпеуін өзі тексеру.

Тирлерде жүргізілетін шаралар.

Бұл жабық және жартылай тирлерде жүргізілетін шаралар:

- атысты бастардан бұрын оқушыларға жаттығудың мақсатын, оны орындау тәртібін түсіндіру;

- атушыларды кезекті топқа бөліп, әр топтың жауапты адамын тағайындау және кезекті топтың атыс рубежіне шығаруын тапсыру;

- әр кезекті топтың атысына жетекшілік ету;

- атыс рубежіне тек ату керек топтың болып, қалғандарының күту болуын қадағалау.

Негізгі әдебиеттер.

1. К. Аманжолов, А. Тасболатов. Алғашқы әскери дайындық. 2004ж.
2. А. И. Аварин, Бастауыш әскери дайындық. 1993ж.
3. Ю. А. Науменко, Бастауыш әскери дайындық. 1987ж.
4. А. М. Попов, Бастауыш әскери дайындық. 1981ж.
5. Г. М. Брысин, Мектептегі алғашқы әскери дайындықтың оқу материалдық базасы. 1989ж.

Қосымша әдебиет.

6. В. А. Кинль, Оқ атыс. 1989ж.
7. И. Г. Назимка, Бастауыш әскери дайындық әдістемесі. 1987ж.
8. М. П. Брысин, Бастауыш әскери дайындық бойынша сабақ өткізу. 1990ж.

8. Тақырып: Кедергі алқаптары. Әскери-спорттық комплекс /ӘСК/.

1. Әскери-спорттық комплекс жаттығуларын өткізудің мәні мен маңыздылығы.

2. Әскери-спорттық комплекс жаттығуларын өткізудің әдістемесі.

Гимнастика және жеңіл атлетика сабақтары ептілікті, күш және күш шыдамдылығын, икемділікті, кеңістік бағдары, қолданбалы қозғалыс дағдыларын дамытуға, батылдық пен шешім таба білуге тәрбиелеуге, тұлға және тартымдылықты жетілдіруге бағытталған. Гимнастика сабақтарында оқушыл бойында әдістемелік біліктер мен дағдыларды сапалы қалыптастыру үшін шарттар құралады.

Сабақтар гимнастикалық аландар мен қалашықтарда, спорт залдар немесе арнайы жабдықталған ғимараттарда, машықтандыру комплекстерінде, сонымен бірге жергіліктерде жүргізіледі.

Даярлық бөліміне қатардағы тәсілдер мен назар бөлу жаттығулары, жүру мен жүгіру жаттығулары, бір орында орындалатын жалпы дамытушы жаттығулар, ерікті жаттығулар комплексі, екеуге арналған жаттығулар, сонымен бірге «секіріп-міну» және «секіріп-түсу» жағдайын жетілдіруге арналған жаттығулар, арнайы және секіру жаттығулары енеді. Даярлық бөліміндегі жалпы дамытушы жаттығулар әуен қолдана отырып немесе оны қолданбастан, гимнастикалық қабырғада, гимнастикалық орындық, доп, таяқ, гантелдермен (дене жаттықтырушылар жатығып ойнайтын екі басы шоқпар ортасы тұтқалы кірлер) орындалуы мүмкін.

Сабақтың негізгі бөліміне көпір ағаштағы, брустағы (астында тірегі бар қатар орнатылған жарыспалы екі ағаш гимнастика аспабы) дене жаттығулары, тіректік және тірексіз секірулер мен комплекстік жаттығулар, кірлермен орындалатын жаттығулар, салмақ тереңдігінде, өрмелеу, қозғалысты ойындар және эстафеталар енеді.

Кірлер қолданылатын жаттығулар, жаттығулардың гимнастикалық снарядтарындағы дене жаттығулары даярлық жаттығуларының көмегін қолдана отырып тұтасымен және бөлшектер бойынша үйретіледі, ал ерікті жаттығулар комплекстері – бөлімделіп үйретіледі.

Гимнастикалық жаттығулардағы машықтандыру оларды көп қайталаумен бекітіледі. Күрделі дене жаттығулары алдымен бөлшектеліп, кейін тұтасымен жетілдіріледі.

Дене жүктемесін және интенсивтілікті жоғарлату үшін барлық әскери қызметкерлердің қатысуымен бір уақытта, кезектесіп, сапта, колонналармен, бір-бірімен немесе бірнеше адам ағымдарымен, бір-біріне көмектескен күйі жұпатсып өткізілетін гимнастикалық жаттығулар қолданылуы мүмкін.

Гимнастикалық жаттығуларды орныдау үшін саптан шығу мысалы: «Қатардағы сұлтан» бастапқы жағдайға адымда (жүгір) бұйрығы бойынша жүзеге асырылады. Өз тегін естіген әскери қызметкер саптық тік тұруды қабыл алып, «Мен» - деп, жауабын береді, орындау бұйрығы бойынша «Құп болады» жауабын береді, осыдан кейін снарядтың оң жағында саптық жүріс немесе жүгірумен бастапқы жағдайға ие болады және гимнастикалық тік тұруды қабыл алады (оң аяқ жарты қадамға қалдырылады, қолдар арт жақта біріккен, дене салмағы екі аяққа тең бөлінеді).

«Снарядқа» бұйрығы бойынша («Алға»-секірулерін орындау кезінде) оқушы саптық тік тұруды қабыл алып, снарядқа жақындайды, дене жаттығуларын орындайды, маттан түсіп, сабақ жүргізуші жетекшіге тік бұрылады. Гимнастикалық жаттығулар «секіріп-міну» және «секіріп-түсу» жағдайын қысқа уақыттың фиксациялаумен басталады және аяқталады.

«Снарядқа» («Алға») бұйрығы бойынша кезекті оқушы бастапқы жағдайға көшеді, ол жаттығуды орындап болған соң – сапқа тұрады.

«Снарядқа» («Алға») бұйрығынан кейінгі тексеруде әскери қызметкер саптық тік тұруды қабыл алады да, тексеруші жағына басын бұрып, әскери лауазымын және тегін баяндайды.

Дене жаттығуларын бір уақытта орындау үшін әскери қызметкерлер «Бөлім бастапқы қалыпқа адымда (жүгір) бұйрығы бойынша саптын шығады. «Снарядқа» немесе «Алға»

бұйрықтары бойынша оқушы дене жаттығуларын орындап, жетекшіге бетімен бұрылады да, оның бұйрығы бойынша сапқа қайта оралады.

Жұптасқан күйде дене жаттығуларын орындау үшін әскери қызметкерлер «бірінші» және «екінші» саналады да, мысалы «Бөлім, снарядқа екеуден, солға алшақтан » бұйрығы бойынша ажыратылады. Осыдан кейін «бірінші нөмірлер бастапқы жағдайға, екінші нөмірлер – сақтандыру және көмек көрсету үшін, адымда », бұл бұйрық бойынша оқушылардың бірі бастапқы жағдайдан шығады, ал екіншілері саптық тік тұру жағдайында снарядтың оң жағындағы орынды қабылдайды. «Снарядқа» бұйрығы берілгенде бірінші нөмірлер дене жаттығуларын орныдайды, оны аяқтағаннан кейін жетекшіге бұрылады, екіншілері көмек көрсете отырып, бастапқы жағдайды қабылдайды.

Сапқа оралу реті бойынша алдын-ала бұйрықтар берілгеннен кейін жаттығуларын потокпен орындау үшін тәсілдер және қайталау санына, айталық, «Потокпен – Снарядқа» немесе «Потокпен – Алға» командалары беріледі.

Қажет болған жағдайда оқушылар арасындағы ара қашықтық көрсетіледі: «Бөлімше, ара қашықтығы бес қадам, потокпен-Алға»

Тренажерларда (машықтандыруларда) комплектік машықтандыруды ұйымдастыру үшін күш және күш шыдамдылығын дамытуға арналған дене жаттығулары орындалатын сабақ өткізудің бірнеше орындары тағайындалады. Салмақ тарту, қайталау саны, жұмыс және демалыс уақыты бойынша дене жүктемесінің дозалауына кейін әскери қызметкерлер жетекші бұйрығы бойынша көрсетілген тренажерларға жақындап, тоқтайды да, оларға қарай бетімен бұрылады. Жаттығулар «Снарядқа» бұйрығы бойынша басталып, «Жаттығуды - Аяқтап» - бұйрығы бойынша аяқталады. Осыдан кейін оқушылар бұрылады және шеңбер бойынша орындарды ауыстыру жүзеге асырылады.

Травматизімді алдын-алу қамтамасыз етіледі:

-Снарядта дене жаттығулары және секірулерді орындау кезіндегі сақтандыру және сенімді көмекпен;

-Снарядтардың (босауы, карабиндері, стопырлық құрылымдар және т.с.с.) техникалық жағдайларын тексерумен;

-Арнайы снарядтарда дене жаттығуларын орындау кезіндегі қол және аяқ тіреушіктер сенімділігін тексеру.

Әдебиеттер тізімі:

1. Ю.К.Демьяненко «Физическая подготовка» М., 1987г.
2. Министерство обороны РК «Наставление по физической подготовке» М., 1987г.
3. Министерство обороны РК «Методическое пособие по физической подготовке и спорту в ВС РК» Алматы, 2002г.
4. Журавин М.Л., Меньшиков Н.К. Гимнастика: Учеб. для студ. высш. пед. учеб. заведений. М., 2002ж.

9. Такырып: Қорғаныстық – спорттық сауықтыру лагерлері мен арнайы мектеп-интернаттары үшін әскери-спорттық және спорттық құрылыстар.

1. Қорғаныстық – спорттық сауықтыру лагерлері құрылыстарының және нысандарының белгіленуі мен тізімі.
2. Әскери-спорттық және спорттық құрылыстардың белгіленуі мен негізгі талаптары.
3. Арнайы мектеп-интернаттар үшін әскери – спорттық құрылыстар.

Оқу-дала жиындарын өткізу үшін ҚССЛ-нің оқу-материалдық базасын мынадай объектілер: жаттығу қару-жарақтары мен шағын калиберлі винтовкаларды сақтау үшін арнайы жабдықталған бөлме; бір мезгілде екі взводпен бірдей оқу-сабақтарын өткізуді қамтамасыз ететін тактикалық алаң; қаһармандық-патриоттық жұмыстар жүргізуге

арналған бөлме (қалқа); 200 метрлік атыс аланы (тир); 25—30 метрлік тир; бір ауысым жасөспірімдерінің бір мезгілде сапқа тұруын және екі взводпен бірдей саптық әзірлік жүргізуді қамтамасыз ететін сапқа тұру алаңы; екі взводқа бір класс (қалқа) есебімен кластар (қалқалар); жүгіруге арналған жолдары бар спорт қалашығы; футбол алаңы; гимнастикалық қалашық; екі бағытқа бағытталған бірыңғай кедергілер алаңы; волейбол, баскетбол, қол добы, стол теннисі алаңдары; табиғи суаттардағы ашық немесе «ОСВОД» үлгісіндегі жиналмалы құрастырмалы бассейн; сакшы міндеттерін практикалық зерделеуге арналған алаң; рота бойынша кезекшінің қызметін нақты атқаруы үшін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері ішкі қызметінің Жарғысына сәйкес жабдықталған орын кұрайды.

ҚССЛ-ін құрал-саймандармен, керек-жарақтармен, оқу құралдары және басқа мүліктермен қамтамасыз етуді Бағдарламаға қосымша Типтік тізім бойынша жергілікті атқарушы органдар жүзеге асырады.

Макеттерді — Калашников автоматының көшірмелерін Қазақ,-стан Республикасы Қорғаныс министрлігі арқылы ақ'ы төлеп алады.

67.Қазақстан Республнкасының Қорғайыс министрлігі оқу дала жиындарында бастапқы әскерн даярлық оқу-сабақтарын жүргізу үшін ҚССЛ-ін жаттығу қару-жарагымен, шағын калиберлі винтовка және онын. патрондарымен, инженерлік қару-жарақ құралдары және жеке қорғану құралдарымен, радиациялық және химнялық барлау приборларымен Бағдарламаға қосымша Табель бойынша тегін қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің үлес беру-ші оргаидары қорғаныс-спорттық сауықтыру лагерлеріне жаттығу қару-жарақтары.мен шағын калиберлі винтовкалар мен патрондарды әскери комиссариаттар арқылы бсреді. Оларды алу беру, әскерн комиссарнаттарға дейін тасымалдау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің құрамаларында, бөлімдері мен мекемелерінде атыс қарулары мен оқ-дәрілсрді есепке алуды ұйымдастыру, сақтау және беру жөпіндегі Нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі (Қазақстан Республикасы Қорғаныс миннстрінің 1994 жылғы 9 тамыздағы № 151 бұйрығы).

ҚССЛ-дің табельдік жаттығу қару-жарақтары мен техникасы оқу-дала жиындарынан бос уақытта әскери комиссарнаттарға сақтау үшін тапсырылады. Әскери комиссариаттарға қару-жарақ пен техниканы жеткізу тәртібін аудан (қала) Әкімі белгілейді. Жаттығу қару-жарақтарын, шағын калиберлі винтовкалар меи оның патрондарын есепке алу, сақтау, сондай-ақ оларды ҚССЛ-дсгі өтетін оқу-сабақтарына беру «Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің құрамаларында, бөлімдері мен мекемелерінде атыс қарулары мен оқ-дәрілерді есепке алуды ұйымдастыру, сақтау және беру жөніндегі Нұсқаулыққа» (Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 1994 жылғы 9 тамыздағы № 151 бұйрығы) сәйкес қатаң жүргізіледі.

10. Тақырып: Әскери-спорттық және спорттық құрылыстарда қолданылатын құрылыс материалдары туралы негізгі мағлұмат.

Құрылыс материалдарының классификациясы негізгі конструктивті үйлер табиғи материалдар мен тастан істелінетін өнімдер. Құрылыс ерітінділері мен оның құрамы. Керамикалық материалдар мен өнімдер.

Спорттық құрылыстар[өңдеу]

Уикипедия — ашық энциклопедиясынан алынған мәлімет

Мұнда ауысу: шарлау, іздеу

Спорттық құрылыстар, спорттың әр түрінен жарыстарды және оқу-жаттығу сабақтарын өткізуді қамтамасыз ететін, әдейі салынып, жабдықтаған құрылыстар. Алғашқы спорттық құрылыстар деп ежелгі грек стадиондарын, палестраларды, стадиондарды есептеледі, олар Олимпия, Милет, Афины және өзге де қалаларда б.д.д. VIII ғасырда салынған. Таң-ғажайып спорттық құрылыстар. Ежелгі Римде (Колизей, Ипподром және т.б.) өткеннің бұл сәулет ескерткіштерді және қазіргі уақытта да өзінің көлемі мен және әдемілігімен таңдандырады. Мысалы, Колизейдегі тастан жасалған трибуналарға 50 мың шамасындағы адам сыйып келеді, ал екі доңғалақты күймемен жарысуға арналған Ипподромның трибуналары 250 мың адамды сыйғызуы мүмкін. Колизей трибуналарының сопақша болып келуі қазіргі Еуропа стадиондары трибуналарының түп бейнесі секілді. Орта ғасырда католик шіркеуі Олимпиядалық ойындардың өткізілуіне рұқсат бермеді. Спорттық құрылыстар қиратылып және ұзақ уақыт бойы олардың құрылысы тоқтап қалды. Еуропаның әртүрлі елдерінде спорт құрылыстарын салуды қолға алу ісі, халықаралық спорттық байланыстардың дамуымен, қоғамдар мен спорттық құрылыстардың пайда болуымен байланысты, тек XIX ғасырдың аяғында ғана басталды. Спорттық құрылыстардың көбеюі мен жетілдіруі бәрінен бұрын олимпиядалық спорт ғимараттарын салуға әсер етті. Спорт құрылысын спорттың бір ғана түрімен шұғылданып және жарыс өткізу үшін жекелеген түріне және бірнеше спорт түрімен жаттығып және жарыс өткізу үшін қарастырылды. Көлемін жоспарлау құрылымы бойынша ашық және жабық деп бөлінді. Спорттық құрылыстың табиғи және жасанды жарық беру, оңтайлы микроклиматты, тиімді желдету үшін қажетті жабдықтарды болуы тиіс, жаттығу ететін орын мен өзге де бөлме, ғимараттардың санитарлық жағдайда ұсталуы, сондай-ақ құрал- жабдықтарға қойылатын талаптардың сақталуын қарау да қажет. Жүзу үшін судың айналуы, тазаруы және залалсыздандыру, сондай-ақ бөлменің дезинфекциялануы бойынша шаралардың орындалуы ерекше маңызға ие. Бұдан бөтен де дене тәрбиесі және спортпен шұғылданушылардың, қызмет көрсететін адамдардың да, жеке гигиенаның ережелерін сақтауы бақылауға алынады.

Қазіргі спорт стадиондары[өңдеу]

Қазіргі спорт стадиондары, сұрыпталуына сәйкес: а) негізгі; ә)қосалқы; б) көрермендер үшін орынға бөлінеді. Негізгі құрылыстарына: 1. Ашық (кешенді және жеке). 2. жабық (кешенді және жеке) стадиондар жатады.

1. Ашық кешенді спорт құрылысына стадиондар (үлкен, орташа және кіші), спорт алаңдары және жүзу-есу стансалары жатады. Ашық жеке спорт құрылысына футбол алаңы, регби, қашақ,бейсбол, гандбол, ат поласы, допты хоккей, лақтырулар, гольф үшін, дене тәрбиесі шерулері, гимнастикалық өнер керсету және басқалар үшін алаңдар; волейбол, баскетбол, акробатика, бокс, күрес, ауыл атлетика, семсерлесу, атпен шабу, конькимен мәнерлеп сырғанау үшін, шайбалы хоккей, лапта, крикет, бадминтон, медицинбол, теннис және басқалар үшін алаңдар; жеңіл атлетикалық жүгіру жолдары, секірулер мен лақтыру үшін орындар, жүзу үшін жазғы бассейндер (табиғи және жасанды), өсу стансалары яхт-клубтар, жел- кенді және буэр, моторлы су стансалары, велотректер, велостансалар, мотоцикл тректері, автодромдар, атыс орындары, қалқандар, нысананы көздеп атуға арнайы жабдықталған орындар, шаңғы тұғыр-серіппелері

(жаттығу және спорттық), шаңғы базаларын, альпинистік, туристік лагерлер, таудағы паналар, құтқару стансалары, мұз айдындары, коньки тебу жолдары, шанамен сырғанау (скелтон және бобслей) жолы, көпшіліктің конькимен тебу үшін мұз айдындары, шаңғы жолдарын, шаңғышылар үшін таудағы аспалы жолдар жатады.

2. Жабық кешенді спорт құрылыстарына спорт сарайлары мен залдары жатады. Қосалқы құрылыстар мен ғимараттарда дене тәрбиесі мен спорт бойынша жаттығулар, сондай-ақ спортшылар мен көрермендерді қамтамасыз ету жөніндегі шаралар өткізіледі. Сондай ғимараттар мен бөлмелерге жататындар: вестюбильдер, гардеробтар, спортшылар мен нұсқаушылар үшін киініп-шешінетін бөлмелер, спортшылар мен бапкерлер үшін душ бөлмесі мен әжетхана, жалпы көпшілік пайдаланатын, сылап-сипайтын, дәрігерлік кабинеттер, бапкерлер мен нұсқаушылар бөлмесі, төрешілер бөлмесі, буфеті бар демалу бөлмелері, көрермендер үшін буфеттер мен мейрамханалар, жабдықтарды, снарядтар мен спорттық құралдарды сақтайтын қоймалар, спорт құрал-жабдықтарын жалға беретін, әкімшілік-шаруашылық ғимараттары, дирекция, комендатура, полиция, кассалар, күзет, шеберханалар, гараждар, қазандықтар, сорғылар, телефон стансасы, радио торабы, радиотелехабарлар тарату үшін ғарышпен байланыс жасау арнасы, монтаждау бөлмесімен байланысқан комментаторлар кабиналары, трансформатор орналасқан, шаруашылық жабдықтарын сақтау үшін бөлмелер (жабық және жартылай жабық) санитарлық-техникалық жабдықтар сақталатын қоймалар және басқалар (хлораторлық, фильтрлер, кондиционерлер және т.б.), көрермендер үшін орын (трибуна). Барлық спорт ғимараттары пайдалануы бойынша олар негізгі төмендегідей топтарға бөлінеді: 1. мектеп жасына дейінгі балалар үшін дене тәрбиесі ғимараттары; 2. мектеп спорт құрылысы; 3. жоғары оқу орындарының, колледждердің, гимназиялардың, мектептердің, оқу орындарының; 4. өндірістік гимнастика үшін фабрика-заводтардың спорт құрылыстары; 5. клубтық-спорттық; 6. жалпы қалалық және муниципальдық; 7. шаруашылықтардың, фирмалардың; 8. арнайы спорт ғимараттары; 9. емдеу-дене тәрбиесі ғимараттары (жағажайлар, санаторийлер, курорттар, демалыс үйлері және т.б.). Жаңа қаланы жобалап, құрылысын салғанда және ескі қалаларды жаңартқанда жалпы қалалық маңыздағы спорт құрылысын салу қарастырылуға тиіс. Бұрыннан бар және жаңадан салынатын жекелеген барлық адамдарда қарапайым дене шынықтыру және ойын алаңдарын, 1 тұрғынға 0,5 - 2 м. келетін есеппен мектепке дейінгі балалар үшін алаңдарды орналастыруды қарастыру талап етіледі. 25-30 мың халық тұратын тұрғын аудандарда клубтар мен іргелес етіп стадион, сондай-ақ жүзу үшін ашық жүзу әуездерін салу керек. Әрбір қалалық ауданда, саябақпен көршілес етіп аудандық стадионның, ал ірі аудандарда жүзу үшін жабық жүзу әуезі қарастырылуға тиіс. Балалардың спорт алаңдарын әрбір мектеп пен колледждер немесе аудандық саябақтарда, бауларда және балалар саябақтарында орналастыру қажет. Мектептер жанындағы тиісті мектеп алаңын жасау арнайы нұсқаулармен реттеледі. Осы нұсқауға сәйкес кез келген мектептің жер телімі осы телімнің көлемі мен шамасына байланысты 0,7-ға дейін мектеп спорт алаңын оқушылардың өздерінің күшімен жасады. Әрбір осындай мектеп спорт алаңында ұзындығы 175 м-ден 333,33 м-ге дейінгі жеңіл атлетикалық жүгіру жолымен қоршалып доп ойнау үшін (волейбол, баскетбол, футбол, лапта) орын болады. Осында секіретін және лақтыратын орындар, сондай-ақ гимнастикалық қалашық орналасады. Қыста спорт алаңына су құйылып, мұз айдыны қатырылады, мұздан кішігірім тау тұрғызылып мектептің спортзалы жаңа мектептің ғимаратында тұрғызылады.

Спорт құрылысын салу үшін орынды таңдауға санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау және олардың дұрыс орналасуы өте маңызды. Әсіресе ашық түрдегі спорт құрылысы үшін ылғалды бойына жеткілікті сіңіре алатын және қатты тұрмайтын, өзге ғимараттардың көлеңкесінде қалмайтындай, спорт құрылысы шаңнан, түтіннен, өндірістік кәсіпорындардың зиянды көздерінен және атмосфераның өзге де зиянды әсерлерінен қорғай алатын, қажетті санитарлық-қорғаныс аймағы бар телімдерден тұрақты жер таңдалып алынады. Спорт құрылысын салу үшін көгалы, жас көшеттері көп жерлердің

артықшылығы бар. Ашық спорт құрылысы шекаралары ағаштардың және бұталардың көгалдандырылған алап стадион алып жатқан барлық аумақтың 30 % -дан кем болмайды. Спорт құрылыстың бағытталуы экваторлық (құрылыстың ұзын белдегі осі батыстан шығысқа қарай өтеді) және меридианға солтүстіктен оңтүстікке қарай өтеді. Жабық спорт құрылысын экваторлық етіп бағыттау ұсынылады. Бұл шұғылданатын негізгі ғимаратқа күн сәулесінің тура түсуіне кедергі келтіреді, көзді қарықтыратын жарықтан, сондай-ақ ауаның шамадан тыс қыздыруынан сақтайды. Бұл ретте солтүстік ендіктен 50° солтүстікке қарай орналасқан ғимараттың жаттығуға арналған негізгі бөлмелерінің терезесін оңтүстікке қарай, солтүстік ендіктен оңтүстікке қарай 50° солтүстікке қарай бағытта орналастырған тиімді, ашық спорт құрылысының (стадиондар, алаңдар) үлкен осі меридианға бағыттаған жөн. Бұл кешкі уақытта шұғылдану мен жарыс өткізуге жақсы жағдай туғызады. Тұрақты жел соғатын жерлерде ашық спорт құрылысы, олардың ұзын осі жел соғатын бағытқа қарай перпендикулярлы болатындай етіп орналастырған тиімді. Спорт құрылысының жарығы - организмнің жоғары жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз ететін және зақымданып, жарақат алудан сақтандыратын маңызды фактор. Жабық спорт құрылысқа табиғи жарық түсуі тиіс. Бұл ретте жаттығуға арналған негізгі бөлмелер терезелерінің әйнектелген жалпы жоғарғы беті еден аумағының бөлігінен кем болмауы тиіс. Спорт құрылысының жылыту, бәрінен бұрын, оларда шұғылданатын спортшыларды қалыпты температурамен қамтамасыз ететіндей микроклимат туғызу үшін, бөлмені бірқалыпты және жеткілікті қыздыратындай болуы керек.[1]

11. Тақырып: Әскери – спорттық және спорт құрылыстарының эксплуатациясы.

1. Әскери – спорттық және спорт құрылыстарын эксплуатациялауды ұйымдастыру негіздері; оларды тіркеу, тасымалдау, тиянақтау; дәреже талаптары, нормалары мен ережелері сәйкес келу.
2. Сабақ өткізудің техникалық қауіпсіздігі мен сенімділігін қамтамасыз

Спорт және дене тәрбиесі

Қазақ халқының дене тәрбиесіне, оны шынықтыруға, ептілікке, денсаулықты, көңіл-күйді көтеруге арналған осы кездегі дене тәрбиесі мен спорт нышаны ерте заманда-ақ халық кәдесіне жарағандығын кейбір археологиялық деректер дәлелдейді. 1970 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында б.з.б. 4 – 3 ғасырларда тоғызқұмалақ тастары табылды. Сол жылы Тараз қаласынан 30 км жерде археологтар тоғызқұмалақ тақтасының тасқа қашап салынған суретін кездестірді. Түрік қағандығы дәуірінде Қазақстан жерінде көптеген қалалар салынып, мәдени орталықтар бой көтерді. Көне Таразда әнші-күйшілер, шабандоздар, садақ тартушылар, балуандар, басқа да күш өнерін көрсетушілер бас қосып отырған. 7 ғасырларда Орта Азия мен Қазақстан жерін жаулап алған Араб халифаты ислам дінін уағыздаумен қатар, шахмат (шатрандж) ойынының таралуына, оның дамуына айтарлықтай ықпал етті. Сөйтіп, көшпенді деп аталып келген қазақ халқы дене тәрбиесін, оның ішінде спортты дамытуға көңіл бөлгені байқалады.

"Бәйге жарысы"

Ежелден садақ тарту, бәйге, сайыс, күрес, аударыспақ сияқты спорт түрлерімен айналысқан қазақ халқы басқа да спорт түрлерімен айналысу арқылы өздерінің рухани байлықтарын жетілдіріп, толықтырып отырған. Халық өзіне лайықты деп санаған ұлттық спорт түрлерін, әр түрлі дене жаттығуларын үнемі жетілдіріп келген. Әр рудың, әр жүздің, әрбір хан мен бай-манаптың, болыс-бектің өз балуаны, өз мергені, өз сәйгүлігі болған. Олар бәйге-жарыстарда ірі рулардың намысын қорғаған

"Күрес"

Қазақ халқы арасында спорттың дамуына әр ұлт өкілдерімен арадағы қарым-қатынастың нығаюы көп әсер етті. Мұндай жағдай, әсіресе, Қазан төңкерісінен кейін берік қалыптасты. Алғашқы кезеңде спорт пен дене тәрбиесі еңбекшілердің денсаулығын

нығайту, жалпы гигиеналық мәселелер, әскери шынықтыру даярлығын жақсарту мақсатында жүргізілді. 1918 жылдың 1-жартысында жұмысшылар клубтарында гимнастикамен айналысатын үйірмелер ұйымдастырыла бастады. Халық ағарту органдары мен комсомол ұйымдары қыруар жұмыстар атқарып, жастар күшімен спорт алаңдарын, әскери даярлық ісіне жаттығу өткізетін орындар жасады. 1920 жылы 1 қазанда Қазақстанның сол кездегі астанасы Орынбор қаласында дене тәрбиесі нұсқаушылары және ұйымдастырушыларымен әскерге баратын жастарды спортқа баулуға арналған курстар ұйымдастырылды. Оған жүзден астам кісі қатысты. Оның тең жартысынан көбі қазақ жастары болатын. Мұнан соң Ақтөбе, Гурьев (қазіргі Атырау), Орал, Верный (қазіргі Алматы), Орынбор, Петропавл, Қызылорда, Семей қалаларында ірі спорттық орталықтар құрылды. Сол жылдары Семей, Қостанай, Жетісу губернияларында спартакиадалар өте бастады. Әйелдер арасында дене тәрбиесін дамыту мақсатында 1925 жылы Семей қаласында арнаулы спартакиада өтті. Дәл осындай әйелдер арасында спартакиадалар Орал, Петропавл, Алматы қалаларында да ұйымдастырылды. 1928 жылы Петропавл қаласында Бүкілқазақстандық 1-спартакиада өз жалауын көтерді. Оған қатысушылар футбол, жеңіл атлетика, қалашық (городки), қазақша күрес, баскетбол және нысана көздеуден сынға түсті. Қазақстанда дене тәрбиесі мен спортты дамытуда 1931 жылы енгізілген “КСРО-ны қорғауға, еңбек етуге дайын бол” (ГТО) деп аталған бәсекелердің маңызы зор болды. Бұл жастардың спортқа тұрақты түрде қатысуына мүмкіндік берді. Дене тәрбиесінен ұлттық кадрлар даярлауға көңіл бөліне бастады. 1932 жылы Алматыда дене тәрбиесі техникумы ашылды. 1934 жылы республикалық ведомствоаралық 1-спартакиада, Орта Азия мен Қазақстан спортшылары арасындағы 1-спартакиада және мектеп оқушылары арасында бүкілқазақстандық 1-спартакиада өтті. Қазақстан К(б)П-нің 1937 жылы өткен 1 съезі дене тәрбиесі мен спорт және бұқаралық қорғаныс жұмыстарын кеңейте түсуді атап көрсетті. 2-дүниежүзүлік соғыс қарсаңында Қазақстан спортшыларының саны 150 мыңға жетті, оның ішінде 30 мыңнан астамы қазақ жастары болатын. Соғыс жылдарында әскери-спорт кадрларын даярлауда көп жұмыс атқарылып, елімізде 1,5 миллионға жуық әскери-спорт мамандары тәрбиеленді.

"Шаңғы спорты"

1945 – 56 жылдары Қазақстанда дене тәрбиесі ұйымдары нығайып, спорт кадрлары өсіп шықты.

1945 жылы Алматыда дене тәрбиесі институты (Қазақ физкультура институты) ашылды.

1946 жылы Шоқыр Бөлтекұлы “Спартак” қоғамы бойынша бокстан КСРО чемпионы атанып, қазақ жастары арасында бірінші болып спорт шебері деген дәрежеге жетті.

1950 жылы Қазақстан спорт ұйымдары құрылды. 1959 жылы бұл ұйымдар спорт федерациясы болып өзгертілді.

1951 жылы “Колхозшы” спорт қоғамы құрылды. 1956 жылдан бастап “Қайрат” деп аталды.

1956 жылы Мәскеуде КСРО халықтарының 1-спартакиадасы өтті.

Қазақстан спортшылары 1956 жылдан олимпиялық ойындарға да қатыса бастады. Тау шаңғышысы А.Артеменко 1956 жылы Италияның Кортина Д’Ампеццо қ-нда өткен 7-қысқы олимпия ойындарында, ал Е.Кадыкин Мельбурнда (Австралия) өткен жазғы 16-олимпиялық ойындарда 3000 м-ге тосқауылдар арқылы жүгіруден сынға түсті. Қазақ жастары арасынан шыққан жеңіл атлет Ғ.Қосанов 1960 жылы Римде өткен 17-олимпиялық ойындарда 4-10 м-лік эстафеташылар жарысында күміс жүлдені иемденді.

Елімізде қысқы спорттың дамуына 1951 жылы ашылған әйгілі Медеу мұз айдыны (қ. Медеу спорт кешені) үлкен ықпал етті. Мұнда көптеген дүниежүз. және құрлықтық рекордтар жаңарды. 1960 жылдардың басында Қазақстанда спорт клубтары (АДК “Шахтер”, “Болат”, “Динамо”, т.б.) құрыла бастады.

"Хоккей"

Қазақстан спортшылары Кеңес Одағы тұсында айтарлықтай спорттық дәрежеге қол жеткізді. Көгалдағы хоккейшілер, допты хоккейшілер, “Буревестник”, АДК волейболшылары, “Динамо” су добы командасы КСРО, Еуропа және дүние жүзі чемпиондары атанды. Аталмыш командалар құрамында М.Жексенбеков, С.Шаймерденов, С.Қалымбаев, Е.Құмарғалиев, С.Сексенбаев, Ю.Варзин, В.Бочков, В.Агуреев, О.Жарылғапов, М.Мәденов, З.Жәркешов, Ж.Сауранбаев, В.Кравченко, Е.Чебукина, О.Кривошеева, Н.Меңдіғалиев, Е.Аяпбергенов, А.Оразалинов, С.Котенко сынды спортшылар өнер көрсетті.

1976 жылы 21-Олимпиялық ойындарда (Монреаль, Канада) КСРО құрама командасына 14 қазақстандық спортшы 11 спорт түрінен қатысты. Бұл олимпия ойынында жерлестеріміз 8 алтын және 2 күміс медальға ие болды. Ал осы жылы өткен Қысқы олимпия ойындарында шаңғы жарысынан 2 қола медальді иемденді. Мәскеуде өткен 22-олимпия ойындарында (1980) 20 қазақстандық спортшы 6 алтын, 2 күміс және 7 қола медальді алды. Осы олимпияда ойындарында Ж.Үшкемпіров, Ш.Серіков, т.б. олимпия чемпиондары атанды. 1988 жылы Сеулде (Корея Республикасы) өткен 24-олимпия ойындарында КСРО құрама командасында 30 қазақстандық спортшы қатысты. Олар әр түрлі дәрежедегі 18 медальді иеленді. Барселонада (Испания) өткен 25-олимпия ойындарында (1992) Қазақстан Республикасы ТМД құрама командасында болды. Мұнда 11 спорт түрінен 23 спортшы қатысып, 5 медаль (Е.Чебукина, И.Герлиц, Д.Тұрлыханов, Т.Меньшова, В.Вохмянин) алды. Қазақстандықтар 1994 ж. бастап Азия ойындарына қатысып келеді. Хиросима (Жапония) қаласында өткен 12 ойындарында қазақстандықтар жалпыкомандалық төртінші орынды иеленді. Олар 77 медальға (оның 25-і алтын) ие болды. Атап айтқанда Қ.Шағатаев, Н.Сманов (бокс), М.Мамыров (еркін күрес), Ю.Мельниченко, Д.Тұрлыханов (грек-рим күресі), О.Шишигина (жеңіл атлетика) сынды спортшылар алтын медаль иегерлері атанды. 1998 жылы Таиландта (Бангкок қ.) өткен 13-Азия ойындарында қазақстандықтар бесінші орын алды. Олардың үлесінде барлығы 78 медаль (оның 24-і алтын) болды. Чемпион атанғандардың ішінде В.Гуща, Д.Аспандиярова (нысана көздеу), Д.Топоров, Қ.Нұрмағамбетов (есек), Б.Байсейітов, С.Матвиенко (грек-рим күресі), Н.Торшина, О.Шишигина, И.Потапович, С.Арзамасов (жеңіл атлетика), В.Бурба, Е.Ибрайымов, М.Ділдәбеков (бокс) сынды спортшылар бар.

12. Тақырып: Жалпы және дене шынықтыру дайындығына арналған спорт жабдықтары мен тренажерлері.

Кросс, жедел жорық, әскери эстафетаның әскери үш сайыс өткізуге орын таңдау. «Жас Ұлан» және «Қалқан» ойындарын өткізуге пайдаланылатын әскери – спорттық құрылыс.

1. Мектептегі 9-11 сынып оқушыларымен өткізілетін әскери-спорттық ойындар мақсаттары мен міндеттері.

Жоғары сыныптардағы қозғалмалы ойындар негізінен жалпы дене даярлықтарын жоғарылату, сонымен бірге жасөспірімдердің арнайы спорттық даярлықтары үшін қолданылады.

15-17 жастық кезеңде (X-XI сыныптар) ағзаның өсуі және дамуы жалғасуда екенін есте ұстаған жөн. Қаңқаның сүйектену үрдісі, бұлшық ет күшінің өсуі және ішкі ағзалардың дамуы әлі аяқталмаған. Жүйке және жүрек-қан тамырлар жүйесі қызметінде кейбір ауытқулар, жоғары козушылық байқалады. 15-17 жастағы жасөспірімдер мен қыздар ағзасының шыдамдылығы ересектерге қарағанда төмен.

Жасөспірім ұлдар денесінің салмағы бұлшық ет массасының ұлғаюы арқасында қосылады; салмаққа қатынасы бойынша бұлшық ет күштерінің дамуындағы кейін қалу оларда байқалмайды. Жасөспірім қыздардың бұлшықет жүйелері ұлдарға қарағанда баяу дамиды (атап айтқанда, иық белдеуі мускулатурасы әлсіз). Қыздар денесінің салмағы кеуде ұзындығы, жамбас белдеуінің дамуы есебінен еселенеді.

15-17 жастағы қыздар аяғы мен кеуде ұзындықтар қатынасын салыстырмалы бағалаудың көрсетуінше кеуде ұзындығы үлкейген сайын аяқтары ұлдарға қарағанда қысқа, сондықтан да олардың қадам жасаулары да қысқа. Ал дене салмағы мен өкпелердің

өмірлік сыйымдылық салыстыруларының берілгендері бұл көрсеткіштердің қыздарда төмен екендігін көрсетеді.

Жоғары сынып оқушыларында абстрактілі ойлауға және өз әрекеті мен қоршаған орта әрекететін талдауға қабілеттіліктері айқын өседі. Көптеген бозбалалар мен бойжеткендерде спорттың белгілі бір түрі бойынша сабақтарға қызығушылығы толығымен қалыптасады, сондықтан оларды спорттың таңдалған түрінде жетілуге мүмкіндік беретін қозғалмалы ойындар тартады.

Олар үшін қиындылығы бойынша маңызды, тәсілдер мен әрекеттерді орындауға құрылған қатысушылардың өзара қарым-қатынасы бойынша күрделенген қозғалмалы ойындар толығымен қол жетерлік және қызықты.

Дұрыс өткізетін қозғалмалы ойындарды жүйелі ұйымдастыру айналысушылардың қозғалыс қабілеттерін жетілдіруге және дене даму динамикасына оң әсер етеді.

Бұл жастағылардың сүйек-бұлшық ет аппаратының дамуы әлі аяқталмағанын басты назарға ала отырып, ойындарда ұзақ бір жақты күш салуға жол берілмеуі тиіс. Сонымен бірге боз балалар мен бойжеткендер жүйке және жүрек-қан тамырлар жүйесіне зиян келтіретін жүгіруі, секіру және т.с.с бар ойындардағы жоғарылатылған жүктеме қарама-қарсы көрсетілген. Алайда жалпы дене дамуын жоғарылату және қозғалыс дағдыларын жетілдіру мақсатында жеткілікті ұзақ уақыт бойы қатысушылардың көп қайталанатын белсенді қозғалыстары бар ойындар өткізуге болады. Күш, жылдамдық, қозғалыс координациясы және шыдамдылық көрсетуді талап ететін ойын әрекеттеріндегі қыздардың дене мүмкіндіктері ұлдарға қарағанда төмен болатындығын ескерген жөн.

Жетекші жоғары сынып оқушыларының бойында қозғалмалы ойын сабақтарын шынайы іс ретінде қабылдайтындай қатынастарды тәрбиелеуі тиіс. Белгілі бір ойын сабаққа мақсатты бағыттылы түрде енгізілетінін және оқу-машықтандыру мәніне ие екендігін түсіндіріп өткен жөн. Ойын тапсырмаларын саналы орындай отырып, оқушылар қозғалмалы ойындарды үлкен қызығушылық пен үлгілі тәртіппен орындайды. Белгілі бір техникалық тәсілді, тактикалық әрекетті сәтсіз орындау жағдайында айналысушыларға қайталап жасауға мүмкіндік беру керек, осылайша жағымды нәтижеге қол жеткізудің тұрақты, бірбеткей машықтануға үйрету қажет.

Жастарды әскери-патриоттыққа тәрбиелеу, оны ҚР Қарулы Күштердегі қызметке дайындау- объективті қажеттілік .

Жастарды патриоттық және интернационалды тәрбиелеу сыныптағы идеологиялық жұмыстың негізгі бағыттарының бірі.

Жыл сайын әскерге жақсы толықтырулар келеді. Жас жауынгерлер қысқа мерзім ішінде мамандықты және барлық әскери қызметті жетістікпен меңгереді, жауынгерлік уставтар талаптарын адал орындайды, бөлімшенің қоғамдық өміріне белсене қатысады.

Олардың өміріндегі қол жеткізілген жетістері оқу орындарында жастармен өткізілетін әскери-патриоттық тәрбие бойынша мақсаты бағытталған жұмыспен түсіндіріледі.

Әскери-патриоттық тәрбие Отанды қорғау бойынша қасиетті парызды орындау үшін қажетті жоғары психологиялық және моральды-жауынгерлік сапасын қалыптастырудың үздіксіз мақсатты бағыттылы үрдісі ретінде ұсынылады.

Жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу формаларының бірі «Ұлан» әскери-спорттық ойын болып табылады.

«Ұлан» жастар әскери-спорттық ойын ҚР ҚК-дегі қызметке даярлауға, әскери істер негіздерін меңгеруге, идеялық және дене шынығуындағы қазақтар мен қазақстандықтардың жауынгерлік және еңбек дәстүрлерінде жастарды тәрбиелеуде үлкен мәнге ие. Ол оқушылардың алғашқы даярлық бойынша білімдерін бекітуге, ержүректілікке, солдат пен еңбекқорға қажетті сапаларды тәрбиелеуге ықпал етеді.

Ойын енгізілген мектептер, арнайы орта оқу мекемелері бозбалалар мен бойжеткендердің жүректері мен ақыл-ойларына жағымды әсер ететіндіктерін сезеді.

«Ұлан» ойыны біройиналатын, жеке немесе құрама командаларға арналған элигодтық іс-шара емес, жүйелі қорғаныс-көпшіліктік және спорттық ойындардың көпшілік формасы.

«Ұлан» жастар әскери-спорттық ойынды құқық бойынша ерліктің, ержүректіліктің, патриотизмнің мектебі деп атайды. Ол жасөспірімдерді патриотизм рухында тәрбиелеп қана қоймайды, сонымен бірге оны моральды және денесін шынықтырады, әскери қызметке жақсы даярлыққа, АӘД бойынша білім мен дағдыларды мықты нығайтуға ықпал етеді.

Әскери бөлімшелер, әскери оқу орындары, әскери комиссариаттар, жоғары және арнайы орта білім беру орындары, азаматтық қорғаныс және ТЖ штаптары, «Отан» дене мәдениеті және спорт қорғаныс ұйымдары, қызыл крест және қызыл жарты ай қоғамдарының бұйрық ету күштерінде «Ұлан» әскери-спорттық ойын барлық оқу мекемелері мен жастар ұйымдарында кең қолдауға ие болды.

АӘД-пен бірге «Ұлан» ойын жасөспірімдерге жас салдатты дайындау көлемінде қажетті білімдер мен практикалық дағдыларды меңгеру және бекітуге көмектеседі, осылайша АӘД қоғамдық формасы жүйелі сыныптан тыс қорғаныс-көпшіліктік және спорттық әрекеттегі бозбалалар мен бойжеткендерді көпшілік тарту арқылы Отанды қорғауға жастарды даярлау бойынша жұмыстардың комплекстік формасы болып табылады (5)

2. Мектептегі 9 – 11 сынып жасындағы мектеп оқушыларына арналған әскери-спорттық ойындар. «Ұлан» әскери-спорттық ойыны

«Ұлан» ойынын мектепте ұйымдастыру.

Әрбір жаңа оқу жылының басында қыркүйек айында барлық орта мектептер мен орта арнайы оқу орындарында, КТМ-де келесі жұмыстар жүргізіледі.

1-курс тобы, әрбір 9-сыныпта өткізілетін ашық жастар жиналысында оқушылардың «Ұлан» ойынына түсуі туралы сұрақ шешіледі. Жиналыс батальон штаб мүшелерімен және сынып жетекшілерінің қатысуымен өткізіледі.

Ойынға қатысу туралы сұрақты балалардың өздері шешулері тиіс. Әрбір ұландыққы төмендегі міндеттер жүктеледі:

Өз Отанның патриоты болу.

ӘҚК-дегі қызметке өзін-өзі даярлау ағашқа оннан кем емес тартыла білу, басқа нормативтерді орындау, атап айтқанда.

Үлгілі оқу, тәртіпті болу.

Инициатива көрсете білу, «Ұлан» ойыны командирлерінің бұйрықтарын жылдан әрі дәл орындау.

Ұқыпты сыртқы тұлғаға ие болу, үлкендерге сыйластықпен, қарау.

АӘД және әскери-спорттық жұмысқа арналған оқу – материалдық базаны құрудың және жетілдірудің белсенді қатысушысы болуы тиіс.

Жиналыста бөлімшелерді, взводтарды құру, командирлер мен ұрыс парағының редакторы тағайындалуы керек.

10-11 сыныптар, оқу орындарының 2-3 курстар взводтарында командалық құрамды қайта таңдау жүзеге асырылады. Батальонда тағайындалады: батальон командирі, тәрбиелік іс бойынша орынбасары, штаб башысы және штаб мүшелері.

Командалық құрамға таңдалынған ұландықтар әркім өз бағыттары бойынша жұмыстарды ұйымдастырады және оны орындағаны үшін батальон штабы алдында персанальды жауапкершілікке ие болады. Айына бір реттен жиі емес бөлімшелер, взводтар, ұрыс парактарының редакторларын оқыту, күнтізбелік жоспар, сабақ кестесі өңделеді, «Ұландық» газетін ай сайын шығарады, өрт саптық даярлық, азаматтық

қорғаныс ТЖ, арнайы даярлық, тактика және т.б бөлімшелерге ұландықтарды даярлау тарауларын оқытуды ұйымдастыру жүзеге асырылады.

Ойын батальонының штабы, взводтардың командалық құрамы жұмыс жоспарын өңдеп, бекітеді. Консультанттар кеңесі және оқу орындарының коллективі ұландықтар барлық категориядағы актив оқуларын ұйымдастырады және өткізеді.

Батальон штабының басты міндеті – әрбір ұландықтың қорғаныстық – көпшілік жұмыста және спорта белсенді қатысуына қол жеткізу, әрбір взводта жыл бойылық жоспарлы жұмысты ұйымдастыру.

Взвод – ойынның негізгі бөлімшесі. Онда ойын қатысушыларымен бірге күнделікті, үнемі әскери – спорттық жұмыс өткізіледі. Сондықтан взводтағы ұйымдастырушылық жұмыс маңызды іс болып табылады. Взводтағы жұмысты үнемі, ретті түрде өткізу қажет, оның қорытындыларын мерзімді түрде жиналыстарда талқылау, взвод ұландықтарының барлық тапсырмаларды орындауын есепке алу.

Взвод командирі «Ұландыққа арналған» бағдарламасы бойынша ұландықтарды сабаққа қатысуы, қалыптасқан нормативтерді, тапсырмаларды олардың орындауы, әскери-патриоттық және қорғаныстық-көпшілік жұмыстар көрсетілетін «Ұландықтар взводының күнделігін» жүргізеді.

Ойынға әдістемелік және педагогикалық жетекшілік ету үшін мұғалімдер, соғыс ардагерлері, жауынгер - интернационалистер, запастағы жауынгерлер, ата-аналар, медициналық қызметкерлер, «Отан» белсенділері, ЖОО студенттері ішінен консультанттар Кеңесі құрылады. Кеңес төрағасы және бас консультант айына екі реттен кем емес инструкторлық және әдістемелік сабақтар өткізеді, айына бір рет ойынның барлық бөлімшелері командалық құрамының оқуы ұйымдастырылады.

Директор ойынға ұйымдастырушылық – педагогикалық жетекшілігін жүзеге асырады, оқушыларға әскери-патриоттық тәрбие беруге сынып жетекшілерін, тұтасымен педагогикалық ұжымды белсенді қатысуға тартады, ойынды материалдық қамтамасыз ету үшін батальон штабы, консультанттар кеңесіне көмек көрсетеді.

«ҰЛАН КҮНІН» ҰЙЫМДАСТЫРУ»

Ол барлық салт-жоралардың орындалуымен апта сайын жүргізіледі. Белгілі бір күнде, сабақтардың нақты саны, міндеттері мен мақсаттары көрсетілген «Ұлан күнін» өткізу туралы бұйрық келесідегідей бірізділікте шығарылады:

Взводтар бойынша сапқа тұру;

Штаб басшысы ұландықтардың бар және сабаққа даяр екендігі туралы взвод командирлерінің баяндамасын қабылдайды;

Штаб басшысы батальон басшысына баяндайды;

Батальон командирі ойынға қатысушылармен амандасып, тапсырмалар береді;

Взводтар батальон бұйрық берумен мектеп жетекшілігі және педагогикалық ұжым алдында салтанатты маршпен ізет ете жүріп өтеді де, сабақтарына тарасады.

Жоспарға сәйкес әрбір взвод кестеде көрсетілген өздерінің нақты істерімен айналысады.

ОРТА МЕКТЕПКЕ АРНАЛҒАН «ҰЛАН КҮНІНЕ» НҰСҚАСЫ

Бірінші сағат дене даярлығы. Жасөспірім ұлдар – көпір ағашқа тартылуды машықтану, 100м қашықтыққа жүгіруге машықтану, кіші допты лақтыру. Қыздар – арқамен жата, кеудені көтеруге машықтану, жүгірудегі және кіші допты лақтыруға машықтану, взвод командирі жүргізеді.

Консультант – дене мәдениеті жетекшісі. Протогаздың жарамсыздығын анықтау және оны қолдану білігіне машықтану. Батальон командирінің белгілеуі бойынша 11 сынып оқушылары жүргізеді. Консультант АӘД оқушысы 10 «Б».

Бірінші сағат – 10 «А» сыныбының екінші сағат тақырыбы. Екінші сағат – 10 «А» сыныбының бірінші сағат тақырыбы 11 «А».

Бірінші сағат. АКМ және ату қаруларының даму тарихы білімдері бойынша викторина АӘД оқытушысы жүргізеді.

Екінші сағат. Дене даярлығы. Жасөспірім ұлдар – жүгіруге және салмағы 700г гранатаны лақтыруға машықтану. Қыздар – жүгіруге және салмағы 500г гранатаны лақтыруға машықтану. Взвод командирі өткізеді. Консультант – дене мәдениеті жетекшісі.

11 «Б». Бірінші сағат – 11 «А» сынып сабағының сағаты бойынша тақырып. Екінші сағат – 11 «А» сынып сабағының бірінші сағаты бойынша.

Сабақ аяқталған кезде батальон қайтадан сапқа тұрады, батальон командирі өткізілген сабақтың сапасына баға береді, осыдан кейін батальон қайтадан салтанатты маршпен жүріп өтеді.

«Ұлан күні» қорытындылары бойынша әрбір взводта «Ұрыс парағы» шығарылуы тиіс. Күн жетістігі педагогикалық ұжымның, консультанттардың, жасөспірім ұлдар мен қыздардың жолдастық біріккен жұмыстарына тәуелді.

Ұлан ойынының басты мүшесі взвод болып табылатындықтан – Ұландықтардың ауыстырылмайтын көмекшілері сынып жетекшілерінің рөлі жоғарылайды. Ойын оқушыларға былайша айтқанда «қиын» балаларға «кілт табуына» көмектеседі.

Батальонда Қ.Р. бұйрығы болуы тиіс.

МЫНА САЛТ ЖОРАЛАР БЕКІТІЛГЕН:

Ойынның жаңа қатысушыларын Ұлан қатарына салтанатты қабылдау.

Салтанатты іс шараларды өткізу кезінде батальон жалауын алып шығу.

Ел өміріндегі Қ.К. атаулы даталарға алғыс, мадақтауларды жариялауға арналған ұландықтардың салтанатты сапқа тұруы.

Ескерткіштерде, мемориалды белгілерге құрметті қарауылды қою, оқу мекемелері, Қ.К. отан тарихындағы атаулы күндер.

«Ұлан» ойыны бойынша бұйрықты сап алдында жариялау.

ЕРЕКШЕЛЕНУ БЕЛГІЛЕРІ ЖӘНЕ ФОРМАСЫ.

